

Қазақстан Республикасының Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні орындауы туралы екінші кезеңдік баяндаманы бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 3 желтоқсандағы № 1271 қаулысы

Қазақстан Республикасы 2005 жылғы 28 қарашада ратификациялаған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 40-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні орындауы туралы екінші кезеңдік баяндама бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні орындауы туралы екінші кезеңдік баяндаманы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына жіберсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2014 жылғы 3

желтоқсандағы

№ 1271 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні орындауы туралы екінші мерзімдік баяндама

Кіріспе

1. Осы баяндама Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің (бұдан әрі – Пакт) 40-бабына сәйкес дайындалды.

2. Баяндаманы дайындауға Қазақстан Республикасының барлық мүдделі мемлекеттік органдары, оның ішінде:

1) Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия;

2) Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Әйелдер істері және

- отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия;
- 3) Орталық сайлау комиссиясы;
 - 4) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты;
 - 5) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы;
 - 6) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі;
 - 7) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі;
 - 8) Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі;
 - 9) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі;
 - 10) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі;
 - 11) Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі;
 - 12) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жұмылдырылды.

Баяндаманы жасау үшін:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасы;
- 2) мемлекеттік органдардың және үкіметтік емес ұйымдардың материалдары мен ақпаратты;
- 3) Адам құқықтарын қорғау саласындағы 2009 – 2012 жылдарға арналған ұлттық жоспар;
- 4) Қазақстанның үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдарының Қазақстан Республикасының Пактіні орындауы туралы алдын ала баяндамасы пайдаланылды.

3. Баяндаманы дайындау үшін 2013 жылы ведомствоаралық жұмыс тобы құрылды.

4. Баяндама жобасын және оған ұсынымдарды талқылау үшін мемлекеттік органдардың және жұртшылық өкілдерінің қатысуымен 2013 жылдың ішінде Алматы, Атырау, Өскемен қалаларында өңірлік кездесулер өткізілді.

1. Біріккен Ұлттар Ұйымының Адам құқықтары жөніндегі комитеті ұсынған ұсынымдардың орындалуы

Біріккен Ұлттар Ұйымының Адам құқықтары жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет) қатысушы мемлекеттерді Пактіде танылған құқықтарға кепілдік беретін конституциялық шектер туралы жан-жақты ақпаратты ұсынуға табанды түрде шақырады. Осыған орай Комитет қатысушы мемлекеттерге адам құқықтары бойынша шарт жасаған комитетаралық кеңесте қабылданған адам құқықтары туралы халықаралық шарттарға (HRI/GEN/2/Rev.6, I тарау) сай баяндамаларды ұсынудың келісілген басқарушылық қағидаттарына сәйкес базалық құжатты беруді ұсынады.

5. Қазақстан Республикасы 2012 жылғы 11 маусымда жалпы базалық құжаттарды ұсынды (www.adilet.gov.kz).

Қатысушы мемлекет ратификациялаған Пактінің және адам құқықтары бойынша басқа да халықаралық шарттардың мәртебесі және қолданылуы туралы мәселеде құқықтық айқындылықты қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды

қабылдағаны жөн. Қатысушы мемлекет оның ережелері ұлттық соттардың назарында болуын қамтамасыз ету мақсатында соттар, қорғаушылар және прокурорлар арасында Пакт туралы хабардарлық деңгейін арттыру бойынша тиісті шараларды қабылдауы қ а ж е т .

6. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары нормаларының дұрыс әрі біркелкі қолданылуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты 2008 жылғы 10 шілдеде «Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының нормаларын қолдану туралы» № 1 нормативтік қаулы қабылдады, бұл да халықаралық шарттарды қолдануға жәрдемдеседі.

7. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты облыстық және оларға теңестірілген аудандық соттармен бірлесіп тұрақты негізде соттардың Пактіні және адам құқықтары бойынша басқа да халықаралық шарттарды қолдануы бойынша білім беру және ақпараттық-түсіндіру шараларын ұйымдастырып, жүргізеді.

8. Азаматтық және қылмыстық сот ісін жүргізуде халықаралық келісімдерді қолдану бойынша судьялардың біліктілігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Сот төрелігі институтының оқу жоспарына жұмыс істеп жүрген судьялар үшін адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттарды зерделеу мәселелері бойынша, адам құқықтарын бұзуға қарсы күрес рәсімдері мен құралдары, оның ішінде адам саудасы, тұрмыстық зорлық-зомбылық, әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою, босқындар мен азаматтығы жоқ адамдардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша д ә р і с т е р е н г і з і л г е н .

9. Жергілікті соттардың сот актілерінде халықаралық актілерге, оның ішінде Пактінің нормаларына да сілтемелер бар. Мұндай сілтемелер соттардың қамауға алуды санкциялау туралы қаулыларында, адам саудасы туралы, кәмелетке толмағандардың саудасы туралы және тағы басқа да бірқатар сот актілерінде кездеседі.

10. Облыстық және оларға теңестірілген оқу орталықтарының, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Сот төрелігі институтының шеңберінде халықаралық актілерді зерделеу бойынша өткізілетін сабақтың тақырыптары көзделген.

11. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында сот және сот аппараттарының хабардар болу деңгейін көтеру мақсатында жүйелі оқыту семинарлары өткізілуде.

12. 2011 жылы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты соттардың азаматтық, қылмыстық істер бойынша, Қазақстан Республикасының ратификацияланған халықаралық шарттарының оның заңдарынан басымдығының конституциялық қағидаттарын қолдану бойынша сот практикасын қорытты, ол Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың нормаларын қолдануда проблемалар жоқ е к е н і н к ө р с е т т і .

13. Қазақстан Республикасының құқық қорғау жүйесін одан әрі жаңғыртудың 2014

– 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы іске асырылуда. Осы бағдарламаның жеке бағытының бірі кадрды оқытуды және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің хабардар болу деңгейін көтеруді қоса алғанда, кадрмен қамтамасыз етудің сапасын арттыру болып табылады.

Қатысушы мемлекет Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің толық тәуелсіздікке ие болуын қамтамасыз ету жолында өз күш-жігерін жұмсауға тиіс. Осыған орай қатысушы мемлекет оған Париж қағидаттарына (Бас Ассамблеяның 48/134 қарары, қосымша) сәйкес қаржы және кадр ресурстарын ұсынуға тиіс. Комитет сонымен қатар Адам құқықтары жөніндегі уәкілге Адам құқықтарын көтермелеу және қорғау бойынша ұлттық мекемелердің халықаралық үйлестіруші комитетінің аккредиттеу жөніндегі кіші комитетіне аккредиттеу туралы өтініш жасауды ұсынады. Түптеп келгенде, Азаптауға қарсы конвенцияға Факультативтік хаттамада көзделген ұлттық алдын алу тетігін құру кезінде қатысушы мемлекет оның Париж қағидаттарына сәйкес ұлттық құқық қорғау мекемелері ретіндегі өзінің негізгі функцияларын неғұрлым тиімді орындауына кедергі келтірмеуін, керісінше, оған жәрдемдесуін қамтамасыз етуі қажет.

14. 2012 жылы Ұлттық құқық қорғау мекемелерін халықаралық үйлестіру комитетінде Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл (бұдан әрі – АҚУ) «В» мәртебесіне ие болды. Тұтастай алғанда, АҚУ қызметі бірқатар Париж қағидаттарына толығымен сәйкес келеді. Атап айтқанда, АҚУ:

1) Парламент палаталарының келісімі бойынша Президент бекітеді. Нұсқамалық құжатта АҚУ-ды қызметтен босату негіздерінің түпкілікті тізбесі санамалап көрсетілген;

2) оған лауазымды тұлғадан адам құқықтары мен бостандықтарына қатысты кез келген ақпаратты сұрату, мониторинг жүргізу мақсатында мекемелерге, оның ішінде жабық мекемелерге, қоғамдық маңызы зор жағдайларда Президентке, Парламентке және Үкіметке жүгіну құзыреті берілген;

3) барлық аумақтық бірліктерден өтініштер алады және оларды қарайды, оның ішінде өзінің интернет-ресурсы арқылы алады. Қазіргі уақытта АҚУ-дың өңірлік өкілдіктерін құру мәселесі әзірленуде;

4) мемлекеттік органдарға ұсынымдар жолдайды.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының Президентіне жіберілетін, өз қызметі туралы жыл сайынғы есебінде АҚУ жіберетін барлық өтініштер мен ұсынымдар көрініс табады, мұның өзі олардың іске асырылуын бақылауға кепілдік береді;

1) азаматтық қоғам институттарымен де, халықаралық ұйымдармен де ең ауқымды мәселелер бойынша белсенді ынтымақтастықта болады;

2) оның қызметі көпшілікке жариялы және бұқаралық ақпарат құралдары (бұдан әрі – БАҚ) мен ресми сайтта (www.ombudsman.kz) кеңінен жазылып көрсетіледі;

3) адам құқықтары саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын Парламент әзірлеп, қабылдаған кезде әзірлеу мен талқылауға қатысады;

4) адам құқықтарының бұзылуы туралы жеке шағымдарды қарайды;

5) адам құқықтарын бұзу жағдайларын қарауға бастамашылық жасайды;

6) өз қызметінде ешкімге тәуелді емес және заң шығару, сот және атқару билігінің бірде-бір органына бағынысты болмайды, олардың құрамына кірмейді және құрылымдарына жатпайды.

7) жыл сайынғы есеп қағазға басылған түрінде жарияланады және сайтта еркін қолжетімді болады.

15. Қазақстан Республикасы АҚУ-дың қаржы және кадр ресурстарын болашақта кеңейту қажеттігі туралы көзқарасты ұстанады. Сонымен бірге, мұндай күшейту шарасы эволюциялық жолмен өткізілуге және тиісті түрде талқыланып, дайындалуға тиіс, оның ішінде тиісті кадрларды даярлау, нормативтік және институционалдық базалар негізінде дайындалуға тиіс деген ұстанымда болады. Осы мәселе әзірленіп жатыр және оны Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Парламенті қолдап отыр. Штат санын арттырып, АҚУ-дың облыстарда және Астана, Алматы, Байқоңыр қалаларында өңірлік өкілдіктерін құру үшін қажетті қаржы сомасы «2009-2011 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына 106 «Адам құқықтары мен бостандықтарын сақтау бойынша көрсетілетін қызметтер» сыныбы бойынша 130 млн. теңге сомасында енгізілген. 2009 жылғы ақпанда АҚУ-дың қызметін реттейтін нормативтік актілерге тиісті толықтырулар енгізілді. Алайда, дүниежүзілік қаржы-экономикалық дағдырысқа және республикалық бюджетті секвестрлеуге байланысты осы мәселе кейінге қалдырылды.

16. 2013 жылы Қазақстан Республикасында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаптаудың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алуға бағытталған ұлттық алдын алу тетігін жасау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Осы Заңмен алдын алу тетігі: 1) қылмыстық процеске; 2) қылмыстық-атқару жүйесіне; 3) денсаулық сақтау жүйесіне; 4) кәмелетке толмағандарды бейімдеу және оларға білім беру жүйесіне; 5) адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулау жүйесіне енгізілді. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзышылық туралы кодексіне алдын алу тетігі қатысушыларының заңды қызметіне кедергі келтіргені үшін жауаптылықты көздейтын түзетулер енгізілді.

17. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаптаудың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алуға бағытталған ұлттық алдын алу тетігін жасау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» 2013 жылғы 15 тамыздағы № 139-ө өкімінің 2-тармағын орындау үшін АҚУ-дың өкімімен Адам құқықтары жөніндегі

ұлттық орталық мынадай құқықтық актілерді әзірлеп бекітті:

1) АҚУ жанындағы Үйлестіру кеңесінің мүшелерін сайлау жөніндегі комиссия туралы ереже;

2) АҚУ жанындағы Үйлестіру кеңесі туралы ереже;

3) Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушыларын іріктеу қағидалары;

4) Алдын ала болу үшін ұлттық алдын алу тетігінің қатысушыларынан топтар құру қағидалары;

5) Алдын ала болу қорытындылары бойынша жыл сайынғы жинақталған баяндаманы дайындау қағидалары.

18. «Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының алдын алу бойынша шығыстарын өтеу қағидаларын бекіту туралы» және «Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының алдын ала болу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары қабылданды.

19. Алдын ала болу бойынша әдістемелік ұсынымдар қабылданды, ол БҰҰ Азаптауға қарсы кіші комитеті және PRI (Халықаралық Түрме Реформасы) сарапшыларымен келісуде жатыр.

Қатысушы мемлекет құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жекелеген адамдарға теколардың мәртебесі немесе діни сенімі мен әрекеті негізінде ғана өзінің терроризмге қарсы күресінің нысаны ретінде қарамауын қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдағаны жөн. Бұдан басқа, қатысушы мемлекет терроризмге қарсы күрес бойынша кез келген шаралардың Пактімен және адам құқықтары туралы халықаралық құқықпен үйлесімділігін қамтамасыз етуі қажет. Осыған орай қатысушы мемлекет өзінің келесі мерзімдік баяндамасына енгізілуге тиіс терроризмге қарсы заңдардың орындалғаны туралы және Пактіде танылған құқықтарды жүзеге асыруға оның қалай ықпал ететіні туралы толық деректерді жинауға тиіс.

20. 2011 - 2012 жылдар кезеңінде және 2013 жылдың 9 айында Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің тергеу бөлімшелері экстремистік бағыттағы 48 қылмысты тергеді. Олардың ішінде 2011 жылы – 11 қылмыс, 2012 жылы – 16 қылмыс, 2013 жылы – 21 қылмыс тергелді. Көрсетілген қылмыстар бойынша 15 айыптау үкімі шығарылды, 4 қылмысты сот органдары қарайды.

21. 2013 жылдың екінші жартыжылдығында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты экстремизмге және терроризмге байланысты қылмыстық істерді қарау бойынша сот практикасын қорытындылады. Нәтижесінде сот талқылауы, оның ішінде террористік әрекет жасады деп күдік келтірілген адамдарға қатысты жағдайда әділ сот ісін жүргізудің халықаралық нормаларына сәйкес жүргізілетіні анықталды.

22. Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 қыркүйектегі № 648 Жарлығымен Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013 – 2017 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарлама бекітілді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 24 қазандағы қаулысымен осы

Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді. Іс-жоспарға сәйкес елдегі діни ахуалды жақсарту және, ең алдымен, діни ортада радикалды көріністерді профилактикалауға және болғызбауға бағытталған кешенді әрі жүйелі шараларды іске асыру мақсатында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысқа тартылған құқық қорғау органдары қызметкерлерінің дайындық деңгейін көтеру жүйелі түрде жоспарланады.

Қатысушы мемлекет заңнама тәртібімен де, практика жүзінде де сот жүйесінің тәуелсіздігін және сот төрілігін іске асыратын бірден-бір саты ретіндегі оны рөлін қамтамасыз ету үшін және судьялардың біліктілігін, тәуелсіздігі мен ауыстырылмайтындығын кепілдендіру үшін шаралар қабылдауы керек. Қатысушы мемлекет, атап айтқанда, сот органдарының қызметіне араласудың кез келген нысандарын жою бойынша және араласу туралы, оның ішінде сыбайлас жемқорлық арқылы араласу туралы барлық тұжырымдарға мұқият, тәуелсіз және бейтарап тергеулерді жедел жүргізуді қамтамасыз ету, сондай-ақ осыған қатысы болуы ықтимал судьяларды қоса алғанда, кінәлілерді жауапқа тарту және жазалау жөнінде шаралар қабылдағаны жөн. Қатысушы мемлекет Прокуратураның/Бас прокуратураның сот билігі тәуелсіздігіне нұқсан келтірмеуі үшін осы органның өкілеттіктерін қайта қарағаны жөн.

23. Дүниежүзілік экономикалық форумның жаһандық бәсекелестік индексі жариялаған рейтингіне сәйкес Қазақстан 2013–2014 жылдары «Сот тәуелсіздігі» көрсеткіші бойынша 88-орынға ие болды, ал 2012–2013 жылдары 94-ші орын алған еді. Дүниежүзілік экономикалық форумның бәсекеге қабілеттілік жөніндегі жаһандық индексінде елдің институционалдық дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі «Сот тәуелсіздігі» көрсеткішін жақсарту үшін жаһандық бәсекелестік индексі рейтингінде сот билігінің тәуелсіздігі индексін көтеру жөніндегі іс-шаралар жоспары (Жол картасы) бекітілді.

24. Қазақстан Республикасында судьяларды қызметке тағайындаудың және қызметтен босатудың қолданыстағы тәртібі соттардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету қағидатына толықтай сәйкес келетінін атап өту қажет.

25. Қазіргі уақытта судья кадрларын іріктеу мәселесі судьялардың тәуелсіздігі мен оларға ешкімнің тиіспеуіне кепілдіктерді қамтамасыз ететін алқалы орган – Жоғарғы Сот Кеңесінің жүргізуіне берілген.

26. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңда (бұдан әрі – Конституциялық заң) жазылған судья кадрларын іріктеу рәсімінің кандидаттарды шынайы іріктеуді іске асыру мүмкіндігін беретін, кемсітпеушілік (30-баптың 1-тармағы) қағидаты және кандидаттарды біліктілік емтиханын тапсыру жолымен іріктеу рәсімі (29-баптың 1-тармағы) сияқты көптеген оң тұстары бар. Конституциялық заңның 30-бабының 2-тармағына сәйкес Жоғарғы Сот Кеңесі талаптарды қанағаттандыратын кандидаттар іріктеуді конкурстық негізде

жүзеге асырады, содан кейін оларды судьялар қызметіне ұсынады. Жоғарғы Сот судьялары қызметіне тағайындау туралы түпкілікті шешімді Сенат, ал қалған барлық судьялар қызметіне тағайындау бойынша шешімді Қазақстан Республикасының Президенті қабылдайды.

27. 2012 жылғы 16 ақпанда «Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Кеңесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Конституциялық заңға Жоғарғы Сот әзірлеген өзгерістер мен толықтырулар қабылданды, олар қызметі соттардың қалыптасуын қамтамасыз етумен байланысты Жоғарғы Сот Кеңесінің рөлін кеңейтуге және сот жүйесін одан әрі жетілдіруге, жергілікті соттардың рөлін арттыруға, республика судьяларының тәуелсіздігі мен оларға ешкімнің тиіспеу кепілдіктерін күшейтуге бағытталған. Сондай-ақ Заңда сот жүйесінің дербестігі, кадрларды іріктеу процесін ретке келтіру және демократияландыру қағидаттары іске асырылған. Атап айтқанда, судьяларға жалпы отырыс арқылы сот қызметіне кандидаттарды іріктеуге өздерінің қатысуына мүмкіндік берілген. Жалпы отырыста аудандық сот судьясы қызметіне, сондай-ақ облыстық сот судьясы қызметіне конкурсқа қатысушы кандидат жөнінде қандай да бір жағымсыз немесе әшкерелейтін мәліметтер анықталғанда, облыстық соттар бұл туралы Жоғарғы Сотқа хабарлайды.

28. Облыстық соттардың, Жоғарғы Соттың сот алқалары төрағаларының бос орындарына кандидатураларды Жоғарғы Соттың жалпы отырысының қарауына Жоғарғы Соттың Төрағасы баламалы негізде ұсынады. Жоғарғы Соттың сот алқасының төрағасы қызметіне кандидат Жоғарғы Сот судьяларының арасынан ұсынылады. Жоғарғы Соттың жалпы отырысында облыстық соттар және Жоғарғы Сот төрағаларының сот алқалары төрағаларының бос орындарына кандидатуралар талқыланады және тиісті қорытындылар шығарылады. Жоғарғы Соттың Төрағасы Жоғарғы Соттың жалпы отырысының шешімі негізінде Жоғарғы Сот Кеңесіне облыстық соттардың, Жоғарғы Соттың сот алқалары төрағаларының қызметіне кандидатураларды ұсынады. Жоғарғы Сот Кеңесі ұсынылған кандидатураларды қарайды және облыстық соттардың, Жоғарғы Соттың сот алқалары төрағаларының бос орындарына кандидатураларды қызметке тағайындау үшін Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынады.

29. Судья қызметіне кандидатуралар іріктеудің ашықтығы мен жариялылығын арттыру үшін Жоғарғы Сот жергілікті соттарда тағылымдамадан өтіп жүрген судьялар қызметіне тағылымдамадан өтуші кандидаттар туралы мәліметтерді, сондай-ақ аудандық сот судьясының бос орнына конкурсқа қатысуға өтініш берген судья қызметіне кандидаттар туралы мәліметтерді жергілікті ресми баспа басылымдарында және облыстық соттардың интернет-ресурстарында жариялайды.

30. 2011 жылдан бастап жергілікті соттардың төрағалары мен алқалардың төрағалары қызметіне ұсынылатын кандидатуралар туралы мәліметтер Жоғарғы Соттың атына кандидаттар туралы қандай да бір мәліметтер беріп, пікірін, көзқарасын

білдіргісі келетіндердің бәріне мүмкіндік жасау үшін республикалық ресми мерзімді баспа басылымдарында, Жоғарғы Соттың вебсайтында жарияланады.

31. Жұртшылықтың, оның ішінде сот қызметіне қатысы бар үкіметтік емес ұйымдардың (бұдан әрі – ҮЕҰ), кәсіби қауымдастықтардың судья қызметіне кандидатураларды іріктеу барысына тікелей қатысуы судья қызметіне кандидаттың жеке басын сипаттайтын қасиеттерін объективті түрде, жан-жақты зерделеуге жәрдемдеседі.

32. Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынысы Жоғарғы Сот Кеңесінің судьяны қызметінен босату туралы мәселені қарауы үшін негіз болып табылады. Судьяны тәртіптік теріс қылықтар жасағаны үшін, кәсіби жарамсыздығына орай немесе Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының талаптарын орындамағаны үшін қызметінен босату туралы ұсынысты Жоғарғы Сот Төрағасы Кеңеске Сот жюриі шешімінің негізінде енгізеді.

33. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес судьяны, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыс жасаған жағдайларды қоспағанда, қамауға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, Республиканың Жоғарғы Сот Кеңесінің қорытындысына негізделген Қазақстан Республикасы Президентінің келісімінсіз не Конституцияның 55-бабының 3) тармақшасында белгіленген жағдайда – Сенаттың келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды.

34. Жоғарғы Сот тәуелсіз сот билігін одан әрі нығайту және жетілдіру мақсатында 2013 жылы мынадай заң жобаларын әзірлеп, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінде енгізді:

1) «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заңның жобасы, ол судья қызметіне кандидаттар іріктеудің конкурстық рәсімдерін жетілдіруге, судьялыққа кандидаттар іріктеу кезінде жұртшылықтың рөлін күшейтуге; басқарушылық сот қызметіне арналған кадрлар резервінің рөлін арттыруға бағытталған;

2) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот төрелігін іске асыруды одан әрі оңайлату, төрешілдік рәсімдерді азайту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы. Жобада жоғары заң білімі бар адамдар жіберілетін азаматтық істер бойынша өкілдерге қойылатын талаптар белгіленеді, сондай-ақ сот процесінде ақпараттық технологияларды қолдану саласын кеңейту мәселелері шешіледі.

35. Сот жүйесінде жемқорлықпен қарсы күреске ұйымдастырушылық және функционалдық шаралар бағытталған, олар жергілікті соттардың материалдық-техникалық қамсыздануын жақсартуға, соттардың материалдық және техникалық қамтамасыз етілуіне, олардың жауапкершілігін күшейтуге, сот этикасы

нормаларының мүлтіксіз сақталуына және сот қызметінің транспаренттілігі үшін жағдай жасауға бағытталған. Қазақстан Республикасының барлық соттары техникалық қамтамасыз етілген және сот төрелегін іске асырудағы қазіргі заманғы стандарттарға жауап беретін ғимараттарда орналасқан.

36. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі Заңына мемлекеттік қызметшілерді әлеуметтік және құқықтық қорғауды мемлекеттің қамтамасыз етуі, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау тәуекелі жоғары мемлекеттік лауазымға орналасуға үміткер адамдарға қатысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталу нысанасына арнайы тексеру мүмкіндігіне қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

37. 2012 жылғы қазанда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанынан Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі сот кеңесі құрылды.

38. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы әзірленуде. Заң жобасының ерекшелігі болып оның мемлекеттік саясаттың маңызды бөлігі ретінде саясатты қалыптасыру және іске асыру саласына бағытталуы болып табылады, ол мынадай: сыбайлас жемқорлықтың барлық деңгейінде оған қарсы күресті ұйымдастыру; сыбайлас жемқорлыққа қолайлы жағдай мен мән-жайлар кеңістігін азайту; сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерін анықтау және олар үшін жаза қолдану мүмкіндігін ұлғайту; лауазымды тұлғаның мінез-құлқының себептеріне ықпал ету мәселелерін шешуге бағытталған шараларды қамтиды.

39. Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін заң жобасы заңнама деңгейінде мынадай:

1) адам және азаматтың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін, сондай-ақ жалпы қоғамды сыбайлас жемқорлықтан қорғау тиімділігін арттыру;

2) мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары қызметінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету, сондай-ақ қоғамды сыбайлас жемқорлық мәселелері бойынша хабардар етудің жалпы қолжетімді және тиімді рәсімдерін жүргізу ;

3) қоғамның тыныс тіршілігінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды, сыбайлас жемқорлықты қоғамдық қабылдамау қалыбын, құқықтық мәдениетті қалыптастыру ;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша ұлттық заңнамаға халықаралық стандарттарды енгізу ;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша мемлекеттік басқаруды жетілдіруді және азаматтық қоғам институттары мен халықтың рөлін арттыруды қоса алғанда, сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың тиімді тетігінің қызмет етуі;

6) мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметіне бақылауды күшейту ;

7) жеке салада сыбайлас жемқорлықтың және мүдделер коллизиясының алдын алу,

адал коммерциялық тәжірибені ынтыландыру;

8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама және практика саласында тәжірибе алмасу бойынша халықаралық ынтымақтастықты кеңейту және жандандыру міндеттерін шешуді алға қояды.

40. Кеңестік кезеңнен кейін қабылданған іс жүргізушілік заңдар сот шешімін тоқтата тұратын уәкілеттікке ие прокуратура органдарының лауазымды тұлғаларының тізімін едәуір қысқартты, осы құқықты тек Бас Прокурорға қалдырды (ҚР АІЖК 396-б.). Бұдан басқа, осы құқықты ол істі қадағалау тәртібімен қайта қарау мақсатында ғана іске асырады. Бас Прокурор іс бойынша қабылданған сот актілерін оларды қадағалау тәртібімен қарау үшін келіп түскен өтінішхат бойынша тиісті соттан азаматтық іс сұратылып алынған жағдайда ғана тоқтата тұруға құқылы («Соттардың азаматтық іс жүргізу заңнамасының кейбір нормаларын қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 20 наурыздағы № 2 нормативтік қаулысының 33-тармағы). Бас прокурордың сот актілерін орындауды тоқтата тұруы уақытты шектеу болып табылады (үш айдан артық емес).

41. Соттардың шығарған шешімдерінің көрінісінде Бас прокуратура тоқтата тұрған сот актілерінің үлесі шамалы. Сот актілерін орындауды тоқтата тұру негіздері болып іс бойынша тараптардың тұрғын үйден заңсыз шығару туралы, қомақты ақша сомаларын, оның ішінде мемлекеттенде негізсіз өндіріп алу; салық төлеушілердің іс-әрекеттерінде салықты, бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдерді төлеуден жалтаруы туралы уәждері және т.б. танылады.

42. Прокуратура органдарының уәкілеттіктері Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабында да бекітілген, онда прокуратура мемлекет атынан Республиканың аумағында заңдардың, Қазақстан Республикасының Президенті жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәлме-дәл әрі біркелкі қолданылуын, жедел-ізвестіру қызметінің, анықтау мен тергеудің, әкімшілік және орындаушылық іс жүргізудің заңдылығын жоғары қадағалауды жүзеге асырады, заңдылықтың кез келген бұзылуын анықтау мен жою жөнінде шаралар қолданады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдар мен басқа да құқықтық актілерге наразылық білдіреді деп айқындалған. Прокуратура сотта мемлекет мүддесін білдіреді, сондай-ақ заңмен белгіленген жағдайда, тәртіппен және шекте қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

43. Конституцияның қазіргі нормалары мен іс жүргізу заңдарының күшіне орай прокуратура органдарының қызметін сот жүйесінің қызметіне негізсіз араласу мен сотқа қатысты басымдылық ретінде бағаламау керек.

Қатысушы мемлекетке бүкіл сот процесі барысында айыпталушылардың құқықтарына Пактіге сәйкес кепілдік берілуін және олардың қорғалуын қамтамасыз ету үшін қылмыстық істер бойынша ақтау үкімдерінің саны аз болуының себептерін белгілеу мақсатында зерттеу жүргізу керек. Бұдан басқа, қатысушы мемлекет азаптау

арқылы алынған дәлелдемелерге сот жүйесі шеңберінде жол бермеуге кепілді беретін шаралардың қабылдануын қамтамасыз етуі керек.

44. 2013 жылы қылмыстық сот ісін жүргізу бөлігінде 507 тұлғаға қатысты ақтау үкімі шығарылды, ол үкім шығара отырып қарастырылған істердің 1,8 %-ын құрайды. 2012 жылы 400 тұлға немесе тұлғалардың 1,7 % ақталды. Көрсетілген көрсеткіштер сот ақтаған адамдардың саны жыл сайын өсіп келе жатқанын айғақтайды.

45. Жаңа Қылмыстық іс жүргізу кодексінде қылмыстық істі қосымша тергеу үшін қайтару институтын алып тастау болжанады, тиісінше ақтау үкімдерінің пайызы жоғарылады.

46. Азаптау жолымен алынған дәлелдемелерге жол бермеу бөлігінде мынаны атап өту қажет, азаптау жолымен алынған дәлелдемелерді айыптау органдары ұсынған жағдайда оны қалай бағалау қажет екені туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының бірқатар нормативтік қаулыларына түсіндірмелер бар.

47. «Қылмыстық және қылмыстық іс-жүргізу заңнамасының адамның жеке бас бостандығын сақтау және қадір-қасиетіне қол сұқпау, қинауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы мәселелер жөніндегі нормаларын қолдану туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2009 жылғы 28 желтоқсандағы № 7 нормативтік қаулысы қабылданды.

48. Жаңа Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс-жүргізу кодексі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты азаптау қолданылғаны туралы айыптарды тергеудің нақты тетігін, сондай-ақ қысым көрсету немесе азаптау жолымен алынған дәлелдемелерді бағалаумен байланысты жеке ережелерді ұсынды.

Қатысушы мемлекет мемлекеттік және жеке секторда әйелдердің қатысуын кеңейту бойынша күш жігерін жандандыруы және қажет болған жағдайда, Пакт ережелерінің орындалуы үшін тиісті уақытша арнайы шараларды қабылдауы керек. Қатысушы мемлекеттің әйелдерге қатысты таралған жағымсыз таптаурынды жою бойынша қажетті шараларды қабылдағаны жөн, сондай-ақ әйелдердің екі секторда да өкілдік етуінің көрінісі олардың білім деңгейін жоғарылатудағы қол жеткізілген прогресті бейнелеуі тиіс.

49. 2013 жылдың 1 қаңтарында мемлекеттік қызметтегі әйелдердің саны 48378 адамды (55,7 %) құрады (жалпы саны 91077 бірлік). Саяси мемлекеттік қызметкерлер арасында әйелдердің үлесі 10 % құрайды, оның ішінде Қазақстан Үкіметінде 19 министрдің 3-еуі әйел (15 %), олар Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Экономикалық интеграция істері министрлігі сияқты басты ведомстволарды басқарды. Қазақстан Республикасының Парламентінде депутат әйелдер санының өсуі байқалуда. 2010 жылы Қазақстан Республикасының Парламентінде алатын орындарының үлесі 13,6 %, 2011 жылы – 13,7 % құрды. Қазіргі таңда Парламент Мәжілісінде 28 әйел бар, ол жалпы депутаттар санының 26,1 % (2012

жылғы сайлауға дейін – 19 әйел) құрайды. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты судьяларының арасында 33,3%-ы әйелдер, ал облыстық соттар судьяларының арасында жартысынан көбін әйелдер (51 %) құрайды.

50. 2013 жылы әйелдер арасында әкімдік қызметке 280 адам (11,4 %) сайланды, бұл бұрынғыдан гөрі 32 адамға артық.

51. Мемлекет жеке секторда әйелдердің белсенділігін ынталандыру бойынша белсенді саясат жүргізеді. 2013 жылы «Бизнестің жол картасы 2020» түзетулер енгізілген болатын, онда әйелдер мемлекет тарапынан қаржылық жәрдем көрсетілетін кәсіпкерлердің жеке санатына бөліп шығарылды.

52. 2012 жылы Қазақстанның Іскер әйелдері қауымдастығы Кәсіпкер әйелдердің дүниежүзілік қауымдастығына кірді, FCSEM мүшесі болды.

53. Қазақстан Республикасында гендерлік теңдікті қамтамасыз ету мақсатында тұрақты түрде тиісті актілер қабылданады.

54. Қазақстанда Қазақстан Республикасында 2006 – 2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік стратегиясы қолданылады. Стратегия қоғам өмірінің барлық салаларында гендерлік теңдік қағидаттарын іске асыру мақсатында қабылданды.

55. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 11 қаңтардағы № 24 қаулысымен Қазақстан Республикасында 2006 – 2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясын іске асыру жөніндегі 2012 – 2016 жылдарға арналған іс-шаралар ж о с п а р ы б е к і т і л д і .

56. 2012 жылы Қазақстан Республикасы «Отбасылық міндеттермен еңбек ететін еңбекші ерлер мен әйелдерге арналған тең қарау және тең мүмкіндіктер туралы» Халықаралық еңбек ұйымының № 156 Конвенциясын ратификациялады.

57. 2013 жылы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен зейнетақы жинақтарына қатысты, жүктілікке және босануға байланысты демалысқа ақы төлеуге қатысты, міндетті әлеуметтік сақтандыруға қатысты өзгерістер енгізілген болатын.

Қатысушы мемлекет әйелдерге қатысты барлық нысандарында және көріністерінде зорлық-зомбылықтың және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасына және онымен күреске, оның ішінде оның қатерлі зардаптары туралы хабардар ету деңгейін жоғарылату жолымен кешенді бағыт қабылдауы керек. Осыған байланысты қатысушы мемлекет әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық құрбандарын осындай зорлық-зомбылықтың кез келген жағдайы туралы құқық қорғау органдарына хабарлауын қолдайтынын қамтамасыз ету мақсатында «Тұрмыстық зорлық зомбылық профилактикасы туралы» Заңды қайта қарауы керек. Қатысушы мемлекет әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық туралы істер мұқият тергелуін, кінәлілер жауаптылыққа тартылуын қамтамасыз еткені жөн, ал мін тағылған жағдайда тиісті, жазаға тартылуы тиіс, ал зардап шеккендер тиісті түрде өтем алуға тиіс.

58. Соңғы 8 жылда қабылданған шаралардың арқасында отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы қылмыстардың төмендеу серпіне қол жеткізілді. Көрсетілген кезеңдегі қылмыстар санының жартысынан көбі (1610-нан 780 дейін), кісіөлтіру екі есе (578-ден 285-ке дейін) төмендеді.

59. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мен жолын кесу және гендерлік саясатты іске асырудағы тәжірибелік шаралардың бірі әйелдерді зорлықтан қорғау бойынша ішкі істер органдарының құрылымдары болып танылады. Қазіргі таңда онда 133 полиция қызметкерлері жұмыс істейді.

60. 2012 – 2013 жылдары тұрмыстық зомбылық жасаған тұлғаның құқықтық сана-сезімімен мінез-құлқына әсер ету мақсатына бағыттау үшін 93 мың қорғау нұсқамасы берілді. Әкімшілік жауапкершілікке 2137 астам тұлға тартылды.

61. 2014 жылы тұрмыстық зорлық құрбандары болып табылатын тұлғаларға көмек көрсету және тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілеріне қарсы тұрубойынша қосымша құқықтық шаралар кешенін көздейтін «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Қорғау нұсқамасының мерзімі 10-нан 30 күнге ұзартылды, тұрмыстық зорлауды іске асырған сұраушы тұлғаға жәбірленушінің баспанасында тұруға онда өзін баспанамен қамтамасыз ету мүмкіндігі бар болған жағдайда тыйым салатын норма қабылданды және кәмелетке толмағандарға қарсы отбасы-тұрмыстық саладағы қылмыстар үшін жауапкершілік қатаңдады.

Қатысушы мемлекет қыз балаларға көмек көрсету үшін өміріне қауіп тудыратын қажетсіз жүктілікті болдырмау және заңсыз түсіктерге жүгінбеуі үшін шаралар қабылдағаны жөн. Қатысушы мемлекет ақпараттандыру деңгейін көтеру және репродуктивті денсаулықты қорғау бойынша көрсетілетін қызметтер және объектілердің болуын және қолжетімділігін қамтамасыз етуде тиісті шаралар қабылдағаны жөн.

62. Қазақстанда жасөспірім қыздар арасында түсік жасатудың айтарлықтай төмендеу үрдісі байқалады.

63. 2011 жылы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары қабылданды, оған сәйкес мемлекет фертильді жастағы 1000 әйел тұрғындарға шаққанда түсіктердің санын 21 жағдайға дейін төмендету бойынша нақты мақсат қойды.

64. Медицина қызметкерлері үшін «Бірінші үш айда қауіпсіз түсік», «Қауіпсіз түсік. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының стратегиясы», «Жүктіліктің ерте кезеңіндегі дәрілік түсікті ультрадыбыстық мониторингі» әдістемелік ұсынымдар шығарылды. Дәлелденген медицина және Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынымдарын ескере отырып нұсқау жасалған, онда бірінші триместрде қауіпсіз түсік жасау, түсікке дейінгі және одан кейінгі кеңестер, жүктілікті жасанды түрде

тоқтатудың әдістері, мүмкін болатын қиындықтар, түсіктен кейінгі контрацепция бойынша ақпараттар қамтылған.

65. Жыныстық және ұрпақты болу денсаулығы бойынша қазақстандық қауымдастық «Қауіпсіз түсік» бағдарламасының шеңберінде: «Қауіпсіз түсік тұжырымдамасы. Дәрі-дәрмектік түсік» тақырыбында тренингтер өткізді.

66. 2012 жылдан бастап жасөспірімдер мен жастарға бағытталған «Қызу желі» телефоны жұмыс істеуде. Сонымен қатар, жасөспірімдер және жастар арасында түсікті және жыныстық жолмен жұғатын инфекцияларды (ЖЖЖИ) алдын алу бойынша жұмыстар жасырын, заңдық және медицина-психологиялық көмек көрсету үшін жастардың денсаулығы орталығы арқылы өз жалғасын табуда.

67. 2012 жылғы 11 желтоқсанда Астана қаласында Қазақстан Республикасының 15-19 жастағы жасөспірімдері мен жастарының ұрпақты болу денсаулығының, олардың хабардар болу және қауіпсіз мінез-құлық дағдысы деңгейінің жай-күйі бойынша республикалық конференция өткізілді.

68. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011–2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде 2013 жылғы қарашада «ЖЖЖИ/ВИЧ алдын алу, контрацепция мәселелері бойынша консультациялық телефон желісі қызметтері» әлеуметтік жобасы бастау алды. Жоба Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің және GSM Қазақстан / Kcell қолдауымен іске асырылуда. Жедел желі нөмірі: 9898 (Activ және Kcell абоненттері үшін Қазақстан бойынша тегін), Астана: 481-236, 482-569 (қала бойынша тегін). Халықтың қалың бұқарасын қамту үшін Астана қаласының орта білім беру мекемелерінің 8-11 сынып оқушылары арасында, колледждерде, жоғарғы оқу орнындарда, сондай-ақ Қазақстанның басқа да аймақтарында консультациялық желінің телефон нөмірімен ақпараттық-білім беру флаерлері таратылды.

69. 2011 - 2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының негізгі шараларының бірі халықаралық стандарттарға сәйкес ұрпақты болу денсаулығын нығайту жөнінде тиімді тәсілдерді әзірлеу және енгізу, атап айтқанда, отбасын жоспарлау, оның ішінде әйелдерді гравидалды (жүктілікке дейін) дайындау, ана болу қауіпсіздігін, жасөспірімдер мен жастардың қауіпсіз жыныстық тәрбиесі жөнінде қызметтер көрсетудің тиімді жүйесін құру және медициналық персоналды отбасын жоспарлау жөніндегі консультация беру дағдыларына алғашқы медициналық-санитариялық көмектің барлық деңгейінде оқыту.

70. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2012 жылғы 25 желтоқсандағы № 881 бұйрығымен Қазақстан Республикасы азаматтарының ұрпақты болу денсаулығын нығайту жөніндегі жол картасы, медициналық-санитариялық алғашқы көмек деңгейінде ұрпақты болу жасындағы әйелдерді зерттеп-қарау алгоритмі («Жүкті, босанатын, босанған әйелдерге және ұрпақты болу жасындағы әйелдерге медициналық көмекті жетілдіру шаралары туралы») Қазақстан Республикасы Денсаулық

сақтау министрінің 2012 жылғы 3 шілдедегі № 452 бұйрығымен) әзірленіп бекітілді. Жол картасының шеңберінде ұрпақты болу денсаулығын қорғау, отбасын жоспарлау және антенатальдық күтім мәселелері бойынша дәрігерлер және орта медицина қызметкерлері оқытылды, сертификатталған 35 өңірлік үйлестіруші (тренерлер) д а я р л а н д ы .

71. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында:

1) медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медицина ұйымдары үшін отбасын жоспарлау, контрацепция, бедеулік, жүктілікті көтере алмау бойынша кон с у л ь т а ц и я беру ал г о р и т м і ;

2) ұрпақты болу, денсаулығын сақтау және отбасын жоспарлау мәселелері бойынша оқу бағдарламасы (жасөспірімдер мен жастардың қауіпсіз жыныстық мінез-құлқын қалыптастыру, отбасын жоспарлау, түсіктің алдын алу, контраптация әдістері, жүктілікке дайындау және жүктілігі бойынша есепке қою үшін ерте келу қажеттігі, жыныстық жолмен жұғатын инфекциялардың алдын алу) әзірленген.

72. Ұрпақты болу денсаулығын сақтау, тек қалаулы және дені сау бала туу үшін тиімді уақытты таңдау, түсіктер мен ана өлім-жітімінің санын төмендету мақсатында 350-ден астам отбасын жоспарлау кабинеттері ашылды.

73. Облыстарда 960193-тен астам дана буклеттер әзірленді және таратылды: «Дені сау отбасын құрамыз», «Мен денсаулықты таңдаймын», «Жүктіліктің қауіпті белгілері» буклеттері, жүктілікті уақтылы ерте байқау, дені сау баланы жоспарлау және туу мәселелері бойынша «Болашақ ата-аналарға кеңестер» буклет және плакат, «Отбасын жоспарлау», «Ұрпақты болу денсаулығын сақтау» тақырыбына әзірленген.

Комитет қатысушы мемлекетті өлім жазасының күшін жоюға және Пактінің факультативтік екінші хаттамасына қосылуға шақырады.

74. Қазақстанда қазіргі уақытқа дейін өлім жазасына мораторий қолданылады.

75. Қазақстан Республикасы өлім жазасын жоятын Пактінің факультативтік екінші хаттамасына әлі қосылған жоқ. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында өлім жазасын қолдану салаларын біртіндеп азайту бағытын жалғастыру бекітілген.

76. 2010 жылы Қазақстан Республикасы Өлім жазасына қарсы халықаралық комиссияның құрылтайшы мемлекеттері тобына (Алжир, Аргентина, Испания, Филлипин, Франция, Италия, Мексика, Моңғолия, Португалия, Доминикан Республикасы, Оңтүстік Африка Республикасы, Швейцария және Түркия) қосылды, ол бүкіл әлемде осы жаза түрін толықтай жою жолында өлім жазасына мораторий жариялау үшін халықаралық күресті күшейтуге септігін тигізуге бағытталған.

77. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің жаңа редакциясы әзірленіп, оған өлім жазасына сотталған, үкімі өмір бойы бас бостандығынан айыруға ауыстырылған адамдарға шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға апелляция жасау кұ қ қ ы ғ ы н беретін нормалар қосылды.

Қатысушы мемлекет шетелдік азаматтарды азаптауға және адам құқықтарының бұзылуына әкеп соғуы мүмкін елдерге қайтару туралы мәселені қараған кезде дипломатиялық кепілге сүйене отырып барынша мұқият болғаны жөн. Қатысушы мемлекет олар қайтарылғаннан кейін осындай адамдармен қарым-қатынас жасау мониторингін жалғастыруға және кепіл орындалмайтын жағдайларда тиісті шаралар қолдануға шақырады. Сонымен бірге, қатысушы мемлекеттің мәжбүрлі қайтаруға жол бермеу қағидасын толықтай сақтағаны және халықаралық қорғауды қажет ететін барлық адамдардың Пактіге сәйкес барлық кезеңде тиісті және әділ түрде жүгінуін қ а м т а м а с ы з е т к е н і ж ө н .

78. Қазақстан адамдарды басқа мемлекетке берген кезде оларосы адамға жіберіп отырған мемлекет көрсетіп отырған талаптарға сәйкес қарайды деп сенетінін немесе неғұрлым кеңірек мағынасында алғанда, қабылдаушы мемлекет халықаралық құқыққа сәйкес адам құқықтарын сақтау саласындағы міндеттемелерді, дипломатиялық кепілдіктерге сұрау салу практикасын сақтайтынын атап өткен жөн.

79. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру және қылмыстық процестегі заңдылықтың кепілдіктерін күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңымен Қылмыстық іс жүргізу кодексі жаңа ережемен толықтырылды, оған сәйкес, егер адам сұраушы мемлекетте азаптауды қолдану қаупіне ұшырауы мүмкін деп пайымдауға негіз болса, шет мемлекетке адам б е р і л м е й д і .

80. Сонымен қатар, жоғарыда көрсетілген заңмен Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі шет мемлекетке адамды ұстап беру туралы Бас прокуратураның шешіміне сот тәртібінде шағымдану құқығын беруді көздейтін н о р м а м е н т о л ы қ т ы р ы л д ы .

Қатысушы мемлекет азаптауды түпкілікті жою үшін, атап айтқанда, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің келіспейтін қылықтары туралы тұжырымдауда тәуелсіз тергеуді жүргізу үшін арнайы прокурорлардың мандаттарын бекіту арқылы тиісті шараларды қолдануы қажет. Осыған орай, қатысушы мемлекет құқық қорғау органдары қызметкерлерінің азаптауды және қатыгездікпен қарауды болдырмау мәселелері бойынша азаптау және басқа да қатыгездік, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын қарым-қатынас пен жазалаудың түрлерін тергеу және құжаттау тиімділігі бойынша басшылықты (1999 жылғы Стамбул хаттамасы) құқық қорғау қызметкерлерінің барлық оқу бағдарламаларына қосу арқылы нұсқаулықтан өтуін жалғастыруды қамтамасыз етуге тиіс. Қатысушы мемлекет осылайша, азаптау және қатыгездікпен қарау тиімді тексеріліп, кінәлілердің жауапқа тартылуын және тиісті жаза алуын, ал жәбірленушілердің тиісті өтем алуын қамтамасыз етуге тиіс. Осыған байланысты азаптағаны үшін осындай қылмыстардың сипатына және ауырлығының дәрежесіне мөлшерлес жазамен қамтамасыз ету үшін қатысушы

мемлекетті өзінің Қылмыстық кодексін қайта қарауға шақырылады.

81. Қазақстанда азаптаумен байланысты қылмыстардың жолын кесу бойынша жұмыстар үнемі жүргізіледі. 2012 ? 2013 жылдары соттар 109 адамға қатысты 38 азаптау туралы қылмыстық іс қарады.

82. Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2012 жылғы 30 қаңтардағы № 9 бұйрығымен Полициядағы кезекші прокурор туралы ереже бекітіліп, орындау үшін аумақтық прокурорларға жіберілді, сондай-ақ «Кезекші прокурорлардың Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының кезекші бөлімдерімен өзара іс-қимыл жасасу тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрілігімен бірлескен бұйрыққа қол қойылды. Жоғарыда көрсетілген Ереже полициядағы кезекші прокурордың құқықтары мен міндеттерін анықтайды. Оның міндеттері ашылады, азаматтарды ұстаудың заңдылығын тексеруді іске асыру, азаптау фактілері орын алғандығы анықталған кезде жедел шаралар қолдану, азаматтардың шағымдарын қабылдау және түсіндіріп беру негізгі міндеттердің бірі болып табылады.

83. Кезекші прокурорлардың жұмыс істеуі қылмыстық қудалау органдарының ғимараттарында қамтамасыз етіледі, онда жеткізілген, ұсталған барлық адамдарды электрондық есепке алу жүйесі енгізілген, бақылау камералары орнатылған.

84. Кезекші прокурордың міндеттеріне мәліметтер мен бейнежазбалардың мониторингісі арқылы азаматтардың бұзылған құқықтарын анықтау, бұзушылықтардың жедел жолын кесу, заңсыз ұсталған немесе әкелінген адамдарды жедел босату, азаптау фактілері анықталған жағдайда жедел шаралар жүргізу және материалдарды әрі қарай тексеріске беру, азаматтардың шағымдарын қабылдау және есепке алу-тіркеу тәртібін бақылауды қамтамасыз ету кіреді.

85. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 сәуірдегі № 430 қаулысына сәйкес қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің қызметкерлері дене жарақаттарын анықтағанда, сондай-ақ сотталған және тергеуде қамауға алынғандардың өтініші бойынша сот-медициналық сараптама орталығының аумақтық мамандарының тәуелсіз медициналық куәландыруды жүргізуін ұйымдастырады.

86. 2010 жылдың сәуірінде облыстардың және Астана мен Алматы қалаларының барлық прокурорлары аумақтық құқық қорғау органдарымен бірлесе отырып, 2010 - 2012 жыл аралығында ҮЕҰ-мен бірлесіп, қамауға алынған немесе сотталған азаматтарға мемлекеттік органдар мен мекемелер қызметкерлерінің азаптауды қолдануына байланысты жасаған қылмыстардың алдын алу жөнінде шаралар жоспарын бекітті. Жоспарланған іс-шараларды орындау үшін ҮЕҰ-мен бірлесе отырып, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің арасында адам құқықтарын қорғау саласындағы халықаралық шарттарды зерделеу нысанасына жаппай оқыту жүргізілді, сондай-ақ көрсетілген тақырып бойынша тренингтер, семинарлар және дөңгелек үстелдер өткізілді.

87. 2010 жыл мен 2012 жыл аралығындағы кезеңде адам құқықтарын қорғау

тақырыбына Қылмыстық атқару жүйесі комитетінің академиясында (Қостанай қ.) қылмыстық атқару жүйесі органдарының 1580 қызметкері біліктілігін арттыру курстарынан өтті. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының құқық қорғау жүйесін одан әрі жаңғыртудың 2014 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы іске асырылуда. Осы бағдарламаның жеке бағытының бірі оны оқытуды және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің хабардар болуы деңгейін арттыруды қоса алғанда, кадрлық қамтамасыз ету, оның ішінде адам құқықтарын қамтамасыз ету бөлігіндегі сапасын арттыру болып табылады.

88. 2011 жылы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түзетулер енгізілді, онда азаптау сот әділдігіне қарсы қылмыстар қатарынан адамның конституциялық құқықтарымен бостандықтарына қарсы қылмыстар қатарына енгізілді, объективтік жағы мен субъектілер шеңбері кеңейтілді. Бұдан басқа, азаптаудың алдын алу мен жолын кесуге бағытталған кейбір маңызды жаңа нормалар қабылданды. Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 192-бабына баламалы тергеуді көздейтін өзгерістер енгізілді, яғни, ішкі істер органдары қызметкерлері азаптауды қолданған кезде істі қаржы полициясы қарайды және керісінше. Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 532-бабының бірінші бөлігіне толықтыру енгізілді, оған сәйкес егер сұраусалушы мемлекетте адам азаптауды қолдану қаупіне ұшырауы мүмкін деп пайымдауға негіз бар болса, адамды шет мемлекетке ұстап бермейді.

89. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің жаңа редакциясы шегінде денсаулыққа ауыр зиян келтіре отырып, абайсызда жәбірленушінің өліміне әкеп соққан азаптаулар үшін жазаны 12 жылға дейін бас бостандығынан айыруға ұлғайту арқылы қылмыстық жауаптылықты қатаңдату көзделген. Осы жобада аталған қылмыс ескіру мерзімі қолданылмайтын іс-әрекеттер санаты қатарына жатқызылған.

Қатысушы мемлекет күш-жігерді адам саудасының пайда болуын анықтауға және оның түпкілікті негіздерін жоюға бағыттай отырып, өзінің адам саудасына қарсы күрес бойынша іс-қимылын жандандыруы қажет. Бұдан басқа, қатысушы мемлекет балаларды олардың еңбегін пайдаланудың қауіпті салдарынан қорғауды, әсіресе мақта және есірткі алқаптарында жұмыс істейтін балаларды қорғауды қамтамасыз еткені жөн. Осыған орай қатысушы мемлекеттер адам саудасының және бала еңбегін пайдаланудың барлық жағдайларын тиімді тергеуді, кінәлілерді жауапқа тартуды және тиісті жазаға тартуды, ал жәбірленушілердің тиісті түрде өтем алуын қамтамасыз етуге т и і с .

90. 2011 - 2013 жылдар ішінде 900 қылмыстық іс қозғалды, оның ішінде: пайдалану мақсатында адам ұрлағаны үшін 38, адамды пайдалану мақсатында заңсыз бостандығынан айырғаны үшін 35, адам саудасы үшін 77, кәмелетке толмағанды жезөкшелікпен айналысуға тартқаны үшін 30, кәмелетке толмағанды саудаға салғаны үшін 47, жезөкшелікпен айналысуға тартқаны үшін 89, жезөкшелікпен айналысуға арналған притондар ұйымдастырғаны немесе ұстағаны және жеңгетайлық үшін 584 іс

қ о з ғ а л д ы .

91. Ішкі істер органдары көрсетілген қылмыстардың алдын алу, анықтау, жолын кесу және ашу үшін «STOP трафик» және «Нелегал» республикалық жедел-алдын алу шараларын тоқсан сайын өткізіп отырады.

92. Адам саудасымен тиімді күресті қамтамасыз ету мақсатында елімізде заңнамалық база жетілдірілуде. Мәселен, 2013 жылы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адам саудасына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Құжат адамдар саудасына, жұмыс берушінің кәмелетке толмағандарға қатысты еңбек заңнамасын бұзғаны, жезөкшелікпен айналысу немесе жеңгетайлық үшін үй-жайлар бергені үшін иелеріне және жалға берушілерге, сондай-ақ жезөкшелікпен айналысуға тартқаны, притондар ұйымдастырғаны немесе ұстағаны үшін жауапкершілікті күшейтуді көздейтін түзетулер енгізіледі. Сондай-ақ жаңа алған жарақаттар, жараланулар, криминалдық түсіктер бойынша келіп көрінген адамдар туралы, айналадағыларға қауіп төндіретін аурулардың жағдайлары туралы денсаулық сақтау субъектілерінің төтенше жағдайлардың медициналық-санитариялық салдарының пайда болу қатері туралы – Төтенше жағдайлар жөніндегі органдарды, ішкі істер органдарын хабардар ету жөніндегі міндетін бұзғаны үшін жауапкершілік белгіленеді. Аталған Заңда адамды қайыршылықпен айналысуға мәжбүрлегені үшін жауапкершілік көзделеді, жұмыс берушілерді кәмелетке толмағандарға қатысты еңбек заңнамасын бұзғаны үшін, қылмыстық іс бойынша жәбірленуші деп танылған шет ел азаматтарын әкімшілік жауапкершіліктен босатқаны үшін жауапкершілік белгіленеді. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 128-бабында «сатып алу-сату», «басқа мәмілелер» ұғымдарын регламенттейтін ескерту енгізілген.

93. Халықаралық талаптардың бірі болып табылатын және адам саудасына қарсы күресті жетілдіруге бағытталған, егер баптың нормасында көрсетілген ықпал ету құралдарының кез келгені пайдаланылған болса, жәбірленушінің жоспарланған пайдалануға берген келісімі назарға алынбайды дегенді анықтайтын норманы енгізу маңызы болып табылады.

94. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 132-1-бабы бойынша (кәмелетке толмаған адамды жезөкшелікпен айналысуға тарту) қылмысты ұйымдасқан топ немесе оны тәрбиелеу жөніндегі міндеттер заңмен жүктелген ата-ана, педагог не өзге адам жасаған кездегі жауаптылық қатаңдатылды. Шекті мерзімі 10 жылдан 12 жылға дейін өсті.

95. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 133-бабына (кәмелетке толмағандар саудасы) кінәлі адамға психикасының бұзылуынан зардап шегетіні немесе дәрменсіз күйде екені белгілі кәмелетке толмаған адамға қатысты және жәбірленушінің жеке басын куәландыратын құжаттарды алып қоюға, жасыруға не жоюға байланысты жасалған осы қылмыс бойынша жауаптылықты ауырлататын саралау белгілері

қ о с ы л д ы .

96. Егер бұрын Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 271-бабының бірінші бөлігі бойынша (жезөкшелікпен айналысуға арналған притондар ұйымдастыру немесе ұстау және жеңгетайлық) жауаптылық айыппұлды көздейтін болса, ал қазір бас бостандығынан айыруды ғана көздейді. Бұл ретте осы қылмысты ұйымдасқан топ жасаған болса, енді бес жылдың орнына он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазалады.

97. 2014 жылы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Аталған Заңда баланы экономикалық пайдаланудан қорғау құқығы бекітілген.

98. Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық іс жүргізу кодексінде жүргізілген жұмыстардың шеңберінде қылмыспен келтірілген зиянның орнын толтырудың арнайы қорын құру қарастырылады. Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексінде адамдарды саудалау қылмыстары үшін мүлікті баламасыз тәркілеу көзделген.

Балама жазаларды, электронды бақылауды, шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды және қоғамдық жұмыстарға тарту жазаларын қолдану арқылы тергеу изоляторлары мен түрмелердің толып кету мәселелерін шешу үшін қатысушы мемлекеттер тезарада шаралар қолданғаны жөн. Қатысушы мемлекетке сотталғандар арасында зорлық-зомбылыққа жол бермеу қажет және сотталғандар арасында өз денесіне зақым келтірудің түпкілікті негіздерін жою қажет. Осыған орай қатысушы мемлекет сотталғандар арасында барлық зорлық-зомбылықтың және кісі өлімінің мұқият тергелуін, ал кінәлілердің жауапқа тартылуын және тиісті жазаның қолданылуын қамтамасыз етуге тиіс. Бұдан басқа, қоғамдық қадағалау комиссияларына инспекциямен бірге барлық түрмелер мен тергеу изоляторларына ескертусіз баруға мүмкіндік берілуге тиіс.

99. 20 жыл ішінде Қазақстанда сотталғандардың саны 2,5 есе қысқарды. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында 2011 жылы бас бостандығынан айыру орындарынан 2682 адам рақымшылық актісінің негізінде босатылды, 859 сотталғанға жаза мерзімі нақты қысқартылды, әртүрлі негіздерге байланысты 102 сотталғанға рақымшылықты қолданудан сот бас тартты.

100. 2013 жылы Қазақстан Республикасының Бас прокуроры кепіл түріндегі жолын кесу шарасын мейлінше кең қолдану туралы нормативтік сипаттағы нұсқау берді. Айталық, 2012 жылы кепіл 20 адамға қатысты қолданылған болса, 2013 жылдың қорытындылары бойынша бұл көрсеткіш 333-ті құрап, 1565%-ға өсті.

101. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің бюджетінде қаражат бөлініп, ол мыналарға көзделді:

1) Қызылорда қаласындағы ЗК-169/5 мекемесін 1000 орынға арналған қатаң режимдегі түзеу колониясы етіп қайта жаңарту үшін 1 562 238 мың теңге (2012 жылы –

1 254 000 мың теңге, 2013 жылы - 308 238 мың теңге) сомасында;

2) Орал қаласында тергеу изоляторын салу үшін 4 848 209 мың теңге (2013 жылы – 588 564 мың теңге, 2014 жылға – 2 933 320 мың теңге; 2015 жылға – 1 326 325 мың теңге) сомасында;

3) Орал қаласындағы 900 орынға арналған қатаң режимдегі түзеу колониясын қайта жаңарту үшін 1 186 154 мың теңге (2012 жылы – 871 000 мың теңге, 2013 жылы – 315 154 мың теңге) сомасында;

4) Алматы облысы Заречный кентіндегі ЛА-155/12 мекемесін қатаң режимдегі түзеу колониясы етіп салу және қайта жаңарту үшін 3 142 701 мың теңге (2012 жылы – 33 800 мың теңге, 2014 жылға – 1 455 944 мың теңге, 2015 жылға – 1 652 957 мың теңге) сомасында.

102. 2013 жылы экономикалық қылмыстарға қатысты қылмыстық саясатты заңдастыруға бағытталған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық қызмет саласындағы қылмыстарды одан әрі қылмыстық сипаттан арылту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Аталған Заңға сәйкес бес қылмыс құрамында заңсыз кәсіпкерлік, заңсыз банктік қызмет және акцизделетін тауарларды акциздік таңбалармен таңбалау тәртібі мен қағидаларын бұзғаны үшін бас бостандығынан айыру жазаларының балама тізімі кеңейтілді. Бұл - түзеу жұмыстары мен бас бостандығын шектеу.

103. Бас бостандығынан айыру Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексінің екі бабының санкциясынан алып тасталды: бағалы қағаздарды ұстаушылар тізіліміне көрінеу жалған мәліметтер енгізу және бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдері жүйесін құрайтын құжаттар мен мәліметтерді жоғалту. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның жоғары шегін 3 жылдан 2 жылға дейін төмендету арқылы қылмыстың екі құрамы: эмиссиялық бағалы қағаздар шығару тәртібін бұзу және жалған банкроттықты орташа ауырлықтағы санаттан онша ауыр емес санатқа ауыстыру ұсынылады. Заңсыз банк қызметі үшін қылмыстық жауаптылықты көздейтін 191-баптың 1-бөлігі бас бостандығынан айыруды бас бостандығын шектеуге ауыстыру арқылы орташа ауырлықтағы санаттан онша ауыр емес санатқа ауыстырылады.

104. 2014 жылы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы «түрме тұрғындарын азайту бойынша 10 шара» тұжырымдамасы жобасының тұсауын кесті.

105. Сотталғандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және Қазақстанның пенитенциарлық жүйесін халықаралық стандарттарға жуықтату қызметі бағыттарының бірі сотталғандар үшін де және қылмыстық атқару жүйесінің қызметкерлері үшін де аса тиімді және қауіпсіз болып табылатын бас бостандығын айыру орындарында камералық ұстауға көшу болып танылады.

106. Қазіргі уақытта камерада ұстайтын 7 мекеме жұмыс істейді.

107. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 сәуірдегі № 430 қаулысына

сәйкес қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің қызметкерлері дене жарақаттарын анықтаған кезде, сондай-ақ сотталғандардың және тергеуге қамауға алынғандардың өтініші бойынша сот-медициналық сараптама орталығының аумақтық мамандары тәуелсіз медициналық куәландыру өткізуді ұйымдастырады.

108. 2011 жылы Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 73-бабына толықтырулар енгізілді, оған сәйкес аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін сотталғандар қоныс колонияға көшірілуге жатпайды.

109. Пенитенциарлық жүйені одан әрі ізгілендіру мақсатында Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық-атқару кодексі әзірленді. Қылмыстық-атқару кодексінің жаңа редакциясын қабылдаудың басты оң нәтижелерінің бірі сотталғанның адам ретінде, оның құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуы деңгейін елеулі түрде арттыру арқылы қылмыстық жазаны орындау жүйесін жетілдіру болып танылады.

110. Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық-атқару кодексінде заңнамаға сәйкес сотталғандардың қылмыстық атқару жүйесі мекемелерінің немесе жазаны орындаушы органның әкімшіліктеріне, жазаны орындаушы мекемелер мен органдардан жоғары тұрған басқару органдарына, сотқа, прокуратура органдарына, өзге де мемлекеттік органдарға, қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөніндегі халықаралық ұйымдарға ауызша және жазбаша ұсыныстармен, өтініштермен және шағымдармен жүгіну құқығы көзделген.

111. Бұдан басқа, сотталғандар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білікті заң көмегін алуға құқылы болады.

112. Сондай-ақ жаңа Қылмыстық-атқару кодексінде сотталғандардың құқықтарын ведомстволық, прокурорлық және қоғамдық бақылау арқылы қорғау тетіктері көзделген.

Қатысушы мемлекет кіру визалары туралы талапты алып тастап, тұратын жері бойынша тіркеуге қатысты талаптардың Пактінің 12-бабының ережелеріне сәйкес болуын қамтамасыз етуі қажет.

113. Қазақстан Республикасының визаларын беру, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту және қысқарту туралы қағидалардың 68-тармағына сәйкес, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше тәртіп белгіленбесе, Қазақстан Республикасынан кету үшін бір реттік «P1», «P2», «P3», «P4», «P5», «P6», «P7» және «P8» санаттарындағы визалар беріледі. Кету визаларынан басқа көшіп келуге жатпайтын және көшіп келу визалары көзделеді.

114. «P1» санатындағы виза Қазақстан Республикасында үнемі тұратын адамдарға басқа жаққа тұрақты тұру үшін кететін кезде, «P2» санатындағы виза Қазақстан Республикасы аумағында жол жүру құжатын жоғалтып алған, «P3» Қазақстан Республикасында болу мерзімін қысқарту туралы шешім қабылданған, «P4» санатындағы виза Қазақстан Республикасында бұдан әрі болуына негіздер жоқ болса, шығарып жіберумен байланысты емес әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы шешім

қабылданған, «P5» санатындағы виза Қазақстан Республикасында бұдан әрі болуы үшін негіздері жоқ болса, Қазақстан Республикасына визасыз кіру және болу тәртібі туралы келісімнің негізінде Қазақстан Республикасына келген, «P6» санатындағы виза Қазақстан Республикасының аумағындағы түзету мекемелерінен босаған, «P7» санатындағы виза Қазақстан Республикасының аумағынан визаның жарамдылық мерзімі немесе визасыз болуға рұқсат етілген мерзім аяқталғанға дейін кетуге кедергі жасайтын форс-мажорлық жағдайлардың, пойыздың немесе өзге көлік құралының жүру рейсінің кідіруі және тоқтауы дәлелін ұсынған, «P8» санатындағы виза оларға қатысты Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес ауыр немесе аса ауыр қылмыс деп танылған әрекеттер жасалғаны туралы хабарланған адамдарға беріледі.

115. Қалған тұлғаларға кету визасын алудың қажеті жоқ.

116. Тұрғылықты жері бойынша тіркелу қажеттігі халықтың ішкі көшіп-қонуын бақылау үшін қажет. Сонымен қатар тіркеудің ел ішінде азаматтардың қозғалу құқықтарын шектейтіндігін растайтын ресми фактілер жоқ.

Қатысушы мемлекет босқындар туралы өз заңнамасын Пакті ережелеріне және босқындардың құқықтарымен баспана алу құқықтары туралы халықаралық нормаларға сәйкестігін қамтамасыз етуі үшін оны қайта қарауы қажет. Қатысушы мемлекет БҰҰ Босқындар істері жөніндегі Жоғарғы Комиссарының Басқармасы (БЖКБ) жарғысында 1951 жылғы Конвенцияда және Пактіде мойындалған құқықтарға кепілдік беру мақсатында қатысушы мемлекет ратификациялаған халықаралық шарттарда тұжырымдалған өзінің мандатын және функцияларын орындауы үшін БЖКБ-мен ынтымақтастықты орнықтыруды қамтамасыз етуі қажет.

117. «Босқындар туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы Заңы Қазақстанның 1951 жылғы Босқындардың мәртебесі туралы конвенцияға және 1967 жылғы Босқындардың мәртебесіне қатысты хаттамаға қосылғаннан кейін қабылданды. Осы Заң жоғарыда көрсетілген Конвенцияның нормаларын ескере отырып және босқындардың құқықтарын қорғау саласындағы халықаралық нормаларға сәйкес қабылданғанын атап өту қажет.

118. «Халықтың көші-қоны туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында жоғарыда көрсетілген Пакт бабының нормаларына қайшы келмейтін және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен халықтың көші-қонын бақылау мақсатында енгізілген 60-бап көзделген. Осы бап бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңсыз көшіп келушілер Қазақстан Республикасының шегінен тыс өздерінің шыққан мемлекетіне (шетелдік азаматтығын алған немесе азаматтығы жоқ адам тұрақты тұратын елге) шығарып жіберілуге жатады. Шығарып жіберу туралы шешімді сот қабылдайды. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы Азаматтық іс-жүргізу кодексіне шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының шегінен

шығарып жіберу туралы өтініш бойынша іс жүргізуді көздейтін 36-4-тарау енгізілген.

119. «Босқындар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына 2012 жылы уәкілетті органның босқындар мәртебесін анықтауы тәртібін реттейтін нақтыландырушы нормалар қабылданды.

120. 2013 жылғы қаңтарда Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне босқынның куәлігі еңбек шарттарын жасасуға мүмкіндік беретін құжаттардың тізбесіне кіретіндігі туралы толықтыру енгізілген болатын.

121. БҰҰ Босқындар істері жөніндегі Жоғары комиссарының басқармасы босқындардың, азаматтығы жоқ адамдардың құқықтарын қорғау, аралас көшіп келу мәселелерін осы мәселелерде елеулі техникалық және сарапшылық қолдау көрсететін белсенді әріптесі болып табылады. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның «Қазақстан Республикасында оралмандардың, азаматтығы жоқ адамдардың және босқындар құқықтарының жағдайы туралы» арнайы есебінің шығарылуы ынтымақтастық жетістіктерінің бірі болып табылады. Осы есеп босқындарды қорғауды әрі қарай жақсарту, азаматтығы жоқтықты азайту және оның алдын алу үшін кеңейтілген ұсынымдарды білдіреді.

Қатысушы мемлекет мемлекеттік құпияларды сақтау бойынша өздері қабылдайтын кез келген шаралардың адамның өз қалауы бойынша адвокатқа қол жеткізу құқығын негізсіз шектеуге әкеп соқпауын қамтамасыз етуі қажет. Бұдан басқа, қатысушы мемлекет өзінің қызметкерлері жүргізетін ұстаудың барлық жағдайларында айыпталушыларды ұстау кезінде олардың адвокат қызметін алуға құқығы бар екенін хабарлауды қамтамасыз етуі қажет.

122. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің жаңа редакциясында құқық қорғау органдарының қызметкерін ұсталған адамға өзінің құқықтары мен міндеттерін, соның ішінде қорғау құқығын және өзіне қарсы куәлік берілмеуі құқығын түсіндіруді міндеттейтін норма енгізілген.

123. «Мемлекеттік құпиялар туралы» 1999 жылғы 15 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабына сәйкес мемлекеттік құпиялар— таратылуын мемлекет жалпы қабылданған халықаралық құқық нормаларына қайшы келмейтін әскери, экономикалық, ғылыми-техникалық, сыртқы экономикалық, сыртқы саяси, барлау, қарсы барлау, жедел-ізвестіру және өзге де қызметті тиімді жүзеге асыру мақсатымен шектейтін, мемлекет қорғайтын мемлекеттік және қызметтік құпияларды құрайтын мәліметтер болып табылады.

124. Тиісті рұқсаты жоқ адамдардың мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтермен заңсыз танысу мүмкіндігін болдырмау мақсатында, мемлекеттік құпияларды қамтитын қылмыстық іс материалдарын құпия емес материалдардан бөлек іске (жеке томдарда) тіркеу ұсынылады.

125. Қылмыстық істерді талқылау барлық соттар мен барлық сот сатыларында ашық жүргізіледі. Мемлекеттік құпиялары қорғау мүдделеріне қайшы келген

жағдайларда сот талқылауының жариялылығын сот қаулысының негізінде шектеуге болады. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 29-бабының 1-бөлігінде жабық сот талқылауын жүргізудің басқа да негіздері көзделген. Онда көрсетілген тізбе түпкілікті болып табылады және кеңінен түсіндіруге ж а т п а й д ы .

126. Қылмыстық іс бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 29-бабының 1-бөлігінде көзделген сот талқылауының жариялылығына, оның ішінде мемлекеттік құпияларды қорғауға байланысты шектеу негіздері болмаған кезде адамның ауыр немесе аса ауыр қылмысты, мысалы бандитизм, терроризм және т.с.с. жасауының бір ғана фактісі жабық сот талқылауын өткізу үшін мән-жай болып т а б ы л м а й д ы .

127. Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 53-бабының 4-бөлігінің талаптарына сәйкес мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтері бар дәлелдемелер жабық сот отырысында зерттеледі. Оған тиісті нысан бойынша мемлекеттік құпияларға рұқсаты бар процеске қатысушылар ғана қатысады.

128. Мемлекеттік құпияларға рұқсатты сот отырысына дейін сот аппараты – судьяларға, алқабилерге, сот отырысының хатшысына және соттың басқа да қызметкерлеріне қатысты, прокуратура органдары – мемлекеттік айыптаушыға қатысты, әділет органдары – адвокаттарға және қылмыстық процестің басқа да қатысушыларына қатысты ресімдейді. Резервтің болмау себебі бойынша немесе заңмен көзделмеген өзге де негіздер бойынша адвокаттарға мемлекеттік құпияларға рұқсат беруді шектеуге жол берілмейді.

129. Сот практикасы осы салада проблемалар жоқ екенін көрсетіп отыр. Комитет қатысушы мемлекеттерді өз заңнамасында баламалы әскери қызмет туралы ережелердің болуын көздеу мақсатында қайта қарауға шақырады. Қатысушы мемлекеттер, сондай-ақ заңда адамдардың өз діни сенімдері мен нанымдарына байланысты әскери қызметті атқарудан бас тартуға құқығы бар екендігінің нақты жазылуын қамтамасыз етуге тиіс, олар қызмет басталғанға дейін және оны атқару кезінің кез келген кезеңінде жүзеге асыру мүмкіндігіне ие болуға тиіс.

130. Қазақстан Республикасы Конституциясының 36-бабында Қазақстан Республикасын қорғау оның әрбір азаматының қасиетті парызы және міндеті деп белгіленген. Республика азаматтары заңда белгіленген тәртіппен және түрлерде әскери қызмет атқарады. Қазақстанда 2012 жылғы 16 ақпанда «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Әскери қызметшінің мәртебесі Қазақстан Республикасының азаматы ретінде әскери қызметшінің заңдарда белгіленген алып тастаулар мен шектеулері бар жалпы құқықтарын, бостандықтарын мен міндеттерін, сондай-ақ әскери қызметтің ерекшеліктерімен негізделген оның құқықтарын, міндеттері мен жауаптылығын қ а м т и д ы .

131. «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы бірқатар өзгерістерге ұшырады. 2013 жылдың наурыз айынан бастап еліміздің азаматтарына бір ай ішінде әскери билет алу мүмкіндігі туындады. Қазіргі уақытта Қазақстанда әскери қызметті ақылы негізде өткеру енгізілді. Осы жаңа норманың мақсаты бұдан бұрын белгілі бір жағдайларға байланысты әскери қызметтен өте алмаған азаматтарға өту мүмкіндігін беру болып табылады.

132. «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабына сәйкес азаматтарды ақылы, яғни ақысы төленетін негізде даярлау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 11 ақпандағы № 118 қаулысымен бекітілген Азаматтарды әскери қызметке даярлау, бастапқы әскери даярлықты ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ оның оқу-материалдық базасын қалыптастыру қағидаларының негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте азаматтардың дағдылары, азаматтық мамандығы және практикалық жұмыс тәжірибесі ескеріледі.

Қатысушы мемлекет өз заңнамаларында діни ұйымдарды тіркеуге қатысты Пактінің талабы бойынша өз дініне сенім бостандығы және діни сеніміне деген адамдардың құқығын құрметтеуін қамтамасыз етуге тиіс.

133. Діни бірлестік мемлекеттік тіркелген кезден бастап ол заңды тұлғаның құқыққа қабілеттілігіне ие болады. Діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеу және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу, діни бірлестіктерді қайта тіркеу, тіркеуден бас тартудың жалпы тәртібі мен мерзімдері «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген. 2011 жылғы 11 қазандағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеудің ерекшеліктері бекітілген.

134. Тіркеу тетігі миссионерлік қызметті жүзеге асыратын діни бірлестіктер мен азаматтарды қандай да бір еңсерілмейтін міндеттемелерге әкеліп соқтырмай, тек республиканың конфессиялық кеңістігін белгілі бір тіркеу, құрылымдау және жүйелендіру жүргізуді қамтиды. Діни бірлестіктерді тіркеу діни сенім мен дін бостандығы қағидатын сақтай отырып, конституциялық құрылыстың негіздерін, адам мен азаматтың имандылығын, денсаулығын, құқықтары мен заңды мүдделерін, мемлекет пен қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуді қорғау қажеттігіне негізделген.

135. 2011 жылғы 11 қазандағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, ешкімнің де өз діни сенімінің себептері бойынша Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында көзделген міндеттерін атқарудан бас тартуға құқығы жоқ. Діни қызметшілер, миссионерлер, діни бірлестіктердің басшылары немесе қатысушылары (мүшелері) болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматтары саяси өмірге Қазақстан Республикасының барлық азаматтарымен тең тек өз атынан ғана қатыса алады.

136. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі

қоғамдық қауіптілік деңгейін және дін саласындағы заңнамада көзделген талаптарды бұзғаны үшін жауаптылық шараларын анықтайды, соның ішінде сенім бостандығына азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын шектемейді. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінде көзделген «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңның талаптарын бұзғаны үшін жауаптылық шаралары, ең алдымен, «Қазақстан Республикасы өзін құқықтық мемлекет ретінде бекітеді» деген Қазақстан Республикасының Конституциясында негізге алынатын нормаларынан шығады. Қоғамдық өмірдің барлық салаларына таралатын және жеке тұлғаның бостандығын ұйымдастыру мен қорғаудың жоғарғы нысаны болып табылатын заң үстемдігі қағидаты құқықтық мемлекеттің басты қағидаттары болып танылады. Бұл барлық мемлекеттік органдар, діни бірлестіктер, лауазымды адамдармен азаматтар заңның негізінде, оған сәйкес және оны орындауда іс-әрекет етуге міндетті екенін білдіреді. Демек, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бұзғаны үшін қолданылатын шаралар діни қызмет саласындағы құқықтық қатынастың барлық қатысушыларына тең дәрежеде қолданылады.

137. 2014 жылы қазақстандық қоғамның ерекше қасиеті діни және этникалық плюрализм болып табылатындығын атап өткен БҰҰ-ның дін немесе наным-сенім бостандығы бойынша Арнайы баяндамашысы, профессор Х.Билефельдт сапармен келген де атап өткен жөн.

Қатысушы мемлекеттер журналистер, құқық қорғаушылар және жеке тұлғалар Пактіге сәйкес өз ойларын білдіру бостандығына құқықтарын еркін жүзеге асыру мүмкіндігіне ие болуын қамтамасыз еткені жөн. Осыған орай қатысушы мемлекеттерге жала жабу және қорлау туралы өз заңнамаларының Пакт ережелеріне толықтай сәйкес болуы қажеттігіне байланысты оны қайта қарағаны жөн. Бұдан басқа, қатысушы мемлекет жала жабу туралы өз заңнамасын тек жеке адамның, журналистің және құқық қорғаушының ізіне түсу немесе қорқыту мақсатында пайдаланбауға тиіс. Осыған байланысты ойын білдіру бостандығын жүзеге асыруға кез келген шектеулер 19-баптың 3-тармағының қатаң талаптарына сәйкес келуі тиіс.

138. Қазақстан Республикасы демократиялық мемлекет ретінде өзінің аумағы және юрисдикциясы шегіндегі барлық тұлғаларға өз ойын білдіру бостандығына құқығын құрметтеуге және қамтамасыз етуге міндеттенді. Осы құқықтарды шектеу бойынша мемлекет қолданатын шаралар басқа адамдардың құқықтары мен беделін құрметтеу үшін, мемлекеттің қауіпсіздігін, қоғамдық тәртіпті, халықтың денсаулығын немесе адамгершілікті қорғау үшін қажет болып табылады. Аталған шара Пактінің 19-бабына толық сәйкес келеді.

139. Азаматтардың ар-намысы мен абыройының және іскерлік беделінің қорғалуына конституциялық құқықтың бар екендігін ескере отырып, азаматтардың ар-намысы мен абыройына жала жапқаны, диффамациялағаны және қорлағаны үшін

қазіргі заманда қылмыстық қудалауды толық түрде жою мәселесі қарастырылмаған, себебі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің негізгі міндеттерінің бірі адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау
б о л ы п т а б ы л а д ы .

140. Сонымен қатар осы саланы ырықтандыру бойынша қарқынды жұмыстар жүргізілуде. 2011 жылы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне заңды тұлғаларға моральдық зиянның өтемақысын алуға тыйым салатын норма енгізілген болатын. БАҚ үшін бұл енді заңды тұлғалар ар-намысы, абыройы және іскерлік беделі туралы талап арыздары бойынша моральдық зиянды өтетуге үміттенбейтіндігін
б і л д і р е д і .

141. Сонымен бірге, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру және қылмыстық процестегі заңдылықтың кепілдіктерін күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңымен Қазақстанда әкімшілік преюдиция институты енгізілді.

142. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 129-бабына да (Жала жабу) өзгеріс енгізілді, оған сәйкес БАҚ арқылы жала жабуды таратқаны үшін алты ай мерзімге қамау түріндегі жаза алып тасталды.

143. Сонымен бірге, жала жабу қолданыстағы қылмыстық іс жүргізу заңнамасында жәбірленушінің шағымы бойынша және тиісті дәлелдемелерді өзі ұсынатын сотпен қаралатын жеке айыптау істерінің санатына жатқызылған.

Қатысушы мемлекет өзінің заңға тәуелді актілерін, саясаты мен тәжірибесін, сондай-ақ өз юрисдикциясындағы барлық тұлғалар Пактінің 22-бабы бойынша өз құқықтарын толық түрде қолдануын қамтамасыз етуі, сонымен қатар, осы құқықтарды жүзеге асыруға салынатын шектеулер Пактінің 21-бабындағы қатаң талаптарға сәйкес келуін қамтамасыз етуі үшін қайта қарауға тиіс.

144. Қазақстан Республикасының Конституциясы Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды өткізу еркіндігіне кепілдік береді. Бұл құқық Қазақстан Республикасы Конституциясының 32-бабында көрініс табады. Сонымен бірге, басқа тұлғалардың құқықтары мен бастандықтарын қорғау және мемлекеттің мүдделері үшін осы құқық Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамаларымен шектелуі мүмкін. Бейбіт жиналыстар, митингілер өткізу еркіндігіне құқық 1995 жылғы 17 наурызда қабылданған «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының баламалы Заңында реттеледі.

145. «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жиналыс, митинг, шеру, пикеттер мен демонстрациялар өткізу туралы өтініш оны өткізудің белгіленген күнінен кемінде он

күн бұрын жазбаша нысанда беріледі. Өтініште шараны өткізу мақсаты, нысаны, өткізілетін жері немесе қозғалыс маршруттары, оның басталатын және аяқталатын уақыты, қатысушылардың ықтимал саны, уәкілдердің (ұйымдастырушылардың) және қоғамдық тәртіптің сақталуына жауапты адамдардың тегі, аты, әкесінің аты, олардың тұратын және жұмыс істейтін (оқитын) жері, өтініштің берілген күні көрсетіледі. Өтініштің берілген мерзімі оның республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органда тіркелген күнінен бастап есептеледі.

146. Республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы өз кезегінде өтінішті қарайды және өтініште көрсетілген шараның өткізілетін уақытынан кемінде бес күн бұрын уәкілдерге (ұйымдастырушыларға) қабылданған шешім туралы хабарлайды. Республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы басқа азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғамдық қауіпсіздікті, сондай-ақ көліктің, өзге де инфрақұрылым объектілерінің қалыпты жұмыс істеуін, жасыл желектер мен шағын сәулет нысандарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында, қажет болған жағдайда, өтініш жасағандарға шараны өткізудің өзге уақыты мен жерін ұсынады. Алайда осы шешімге қолданылып жүрген заңнамаларда белгіленген тәртіппен шағым жасауға болады.

147. Жоғарыда көрсетілген Заңда жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер, демонстрациялар өткізу кезінде тікелей сақталуға тиісті талаптар да көзделеді. Сонымен бірге уәкілетті адамдардың (ұйымдастырушылар), сондай-ақ басқа да қатысушылардың қоғамдық тәртіпті сақтауға міндеттілігі фактісі де белгіленген.

148. Жоғарыда көрсетілген Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес: шараларды ұйымдастырушылар мен қатысушылардың көліктің және жаяу жүргіншілердің қозғалысына бөгет жасауына; елді мекеннің инфрақұрылым объектілерінің үздіксіз жұмыс істеуіне кедергі жасауына; республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарының рұқсатынсыз киіз үйлер, шатырлар, өзге де уақытша құрылыстар тұрғызуына; жасыл желектерге, шағын сәулет нысандарына залал келтіруіне; өзімен бірге суық қару, атыс және өзге де қару ұстауға; сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қарсы азаматтарға, және заңды тұлғалардың меншігіне материалдық залал келтіру үшін пайдаланылуы мүмкін арнайы жасалған немесе бейімделген заттарды алып жүруіне; шараны өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуші мемлекеттік органдар өкілдерінің қызметіне кез келген нысанда араласуына тыйым салынды.

149. Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, сондай-ақ азаматтар осы Заңмен белгіленген тәртіп сақтала отырып өткізілетін жиналыстарға, митингілерге, шерулерге, пикеттерге және демонстрацияларға кедергі жасауға құқылы емес.

150. Бұқаралық шараларды темір жол, су және әуе көлігінің объектілерінде, сондай-ақ мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдарда (қалалық қоғамдық көлік, сумен, электр қуатымен, жылумен және басқа да энергия тасымалдаушымен жабдықтау) және денсаулық сақтау мен білім беру мекемелерінде өткізуге жол берілмейді.

151. Егер: өтініш берілмеген болса, тыйым салу туралы шешім шығарылса, өткізу кезінде «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4, 5 және 7-баптарында көзделген тәртіп бұзылған жағдайда, сондай-ақ азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп туындаған кезде, қоғамдық тәртіп бұзылатын жағдайда жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы өкілінің талап етуі бойынша сөзсіз тоқтатылуға тиіс.

152. Республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы өкілінің заңды талаптарын орындаудан бас тартылған жағдайда, оның нұсқауы бойынша ішкі істер органдары жиналысты, митингіні, шеруді, пикеттер мен демонстрацияны тоқтату жөнінде қажетті шаралар қолданады, жиналыс, митинг, шеру, пикеттер мен демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізудің белгіленген тәртібін бұзғандар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

Қатысушы мемлекетөз заңнамасын, заңға тәуелді актілерін және саяси партияларды тіркеуге қатысты практиканы Пактіге сәйкес келтіргені жөн. Атап айтқанда, ол тіркеу процесінің Пактінің 22 (2) және 25-баптарының талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз еткені жөн. Қатысушы мемлекеттер басқарушы партияның көзқарастарынан өзгеше саяси көзқарастарды ұстанатын топтарды виктимизациялау үшін тіркеу рәсіміне жүгінбегені жөн.

Қатысушы мемлекет мектептер мен оқу орындарында денеге жарақат сала отырып жазалауды тоқтатудың іс жүзіндегі қадамдарын жасауға тиіс. Ол отбасы жағдайында балама жаза ретінде денеге жарақат сала отырып жазалау арқылы тәртіпті сақтаудың зорлық-зомбылықсыз нысандарын көтермелеуге және олардың зиянды зардаптары туралы хабардар болу деңгейін көтеру үшін жұртшылықты ақпараттандыру нақандарында өткізуге тиіс.

153. Қазақстанда мектептерде балаларға зорлық-зомбылықты болдырмау бойынша жұмыстар жүргізілуде. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мектеп оқытушылары мен оқушылардың ата-аналарының арасында семинарлар мен тренингтер жүргізуде. Аймақтық деңгейде білім беру мекемелерінде балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша модельдік бағдарламалар әзірленіп енгізілуде. «150» Балалар мен жастар үшін ұлттық сенім телефон арнасы» жобасы

құрылды. 2009 - 2013 жылдар аралығында 600 мыңнан астам, соның ішінде олардың құқықтарын бұзу бойынша 18 мыңнан астам қоңырау түсті.

154. 2010 жылы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне кәмелетке толмағандарға зорлық-зомбылық қылмыстар жасаған, тәрбиелеу бойынша жұмыстар жүктелген педагогтарға не өзге де тұлғаларға қатысты белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түрінде заң арқылы қосымша жаза лауазим институты енгізілді.

155. 2011 жылы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде кәмелетке толмағандарға қатысты денсаулықтарына қасақана зиян келтіргені үшін жаза қатаңдатылды.

156. 2012 жылы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне кәмелетке толмағандар қатысатын білім беру, тәрбиелеу, демалысты ұйымдастыру және сауықтыру, дене тәрбиесі және спорт, медициналық қамтамасыз ету, әлеуметтік қызметтер көрсету, мәдениет және өнер салаларындағы ұйымдар мен мекемелерде кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстары үшін (адам өлтіргені, денсаулығына қасақана зиян келтіргені, жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмысы) соттылығы бар немесе соттылығы болған адамдармен еңбек шартын жасауға тыйым салатын өзгерістер енгізілді.

157. Қазіргі уақытта балаларға қарсы жасалатын қылмыстар мен құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікті күшейтетін Қазақстан Республикасының Қылмыстық атқарушылық кодексінің, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің жаңа жобалары әзірленіп, Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізілді.

Қатысушы мемлекет уақытша арнайы шаралар қолдану арқылы шешім қабылдайтын органдардың саяси өмірі мен жұмысына қатысатын азшылықты мадақтау бойынша өз күш-жүгерін жандандырғаны жөн. Қатысушы мемлекет екінші мерзімдік баяндамаларына этникалық топтарға бөле отырып, аз топтардың саяси органдарда және шешім қабылдау деңгейінде берілуі туралы мәліметтерді келтіргені жөн.

158. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінде «Қазақстан халқының Ассамблеясы» депутаттар тобы жұмыс істейді. «Қазақстан халқының Ассамблеясы» депутаттар тобының негізгі міндеттері:

1) этносаралық және конфессияаралық келісімді, толеранттылықты оданәрі нығайту үшін қолайлы жағдайды заңнамалық қамтамасыз етуге белсенді қатысу, этникалық факторлардың саясиландырылуын, қоғамда экстремизм мен радикализмнің пайда болуын болдырмау;

2) қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, қазақтілі мен қазақ халқының мәдениетінің өзекті ролін арқау ете отырып, Қазақстан этностарын азаматтық және рухани-мәдени тұтастық негізінде топтастыру жолымен қазақстандық жарасымдылықты қалыптастыру;

3) «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын іске асыруға қатысу, мемлекеттік тілдің қолданылу саласын кеңейту, Қазақстандағы барлық этникалық топтардың мәдениетін, тілдерін, ұлттық дәстүрлері мен салттарын сақтау және дамыту;

4) мемлекеттік демографиялық және миграциялық саясатты жасауға, іске асыруға және жетілдіруге белсенді түрде қатысу, шет мемлекеттерде туған тілді, мәдениетті және ұлттық дәстүрді сақтау мен дамыту мәселелерінде қазақ диаспорасын қолдау, оның тарихи Отанымен байланысын күшейту;

5) халық бірлігін заңнамалық қамтамасыз ету, қазақстандық қоғамды жаңғыртудың негізгі құндылықтары бойынша кең көлемде қоғамдық консенсусты қолдау және дамыту ;

6) Қазақстан халқы Ассамблеясының саяси жүйеде одан әрі демократиялануының рөлін көтеру, қоғамдық дамуының өзекті міндеттерін шешу;

7) Қазақстан Республикасының Парламенті мен Қазақстан халқы Ассамблеясының, мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарының этносаралық және конфессияаралық қатынастарды үйлестіру саласындағы өзара тиімді қарым-қатынасын қамтамасыз ету .

159. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының он бес депутатын қоғамның ұлттық-мәдени және өзге де маңызы бар мүдделерінің аталған органда өкілдігін қамтамасыз ету қажеттілігін ескеріп, Президент тағайындайды. Мәжілістің тоғыз депутатын Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайды, бұл аз ұлттардың сайлау құқығын қамтамасыз ету бойынша арнайы шаралардың бірі болып табылады. Ассамблея сайлайтын депутаттар мемлекеттің барлық этностарының ортақ мүдделері ретінде олардың мүдделерін білдіреді .

160. Мемлекеттік органдарда өзге ұлттардың ұсынылуы бөлігінде тұтастай алғанда, қазақ ұлты өкілдері болып табылмайтын басқа ұлттардың өкілдері Қазақстан Республикасының Парламентінде – 27 %, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотында – 18 %, Қазақстан Республикасының Үкіметінде – 6 %, мәслихатта – 20 % депутат екенін атап өткен жөн .

161. 2013 жылғы 5-9 тамыз аралығында Қазақстанда аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдық округтердің, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттер мен ауылдардың әкімдерін сайлау өтті. Барлығы 2454 әкім сайланды. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясының мәліметтері бойынша сайланған әкімдердің корпусында 23 ұлт өкілі ұсынылған.

2. Пактінің нормаларын имплементациялау (1-27-баптар) 1 және 27-баптар

162. 2013 жылдың 1 сәуіріне қарай халықтың нақтыланған саны 16967 мың адамды құрайды, олардың ішінде, қазақтар – 11058 мың адамды (65,2 %), орыстар – 3986 мың

адамды (21,8%), өзбектер – 511 мың адамды (3,0 %), украиналық – 306 мың адамды (1,8 %), ұйғырлар – 243 мың адамды (1,4 %), татарлар – 203 мың адамды (1,2 %), немістер – 182 мың адам (1,1 %) және басқа этностар – 766 мың адамды (4,5 %) құрайды.

163. Қазақстанда 300-ден астам этномәдени бірлестіктер жұмыс істейді.

164. Қазақстан халқы Ассамблеясы – Қазақстан Республикасының Президенті басқаратын конституциялық орган. Бұл біздің елдің 100-ден астам этностарын біріктіретін бірегей институт. Қазіргі уақытта Ассамблеяның құрамында 394 мүше бар. Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі 107 депутаттан тұратынын атап өту қажет, оның ішінде 9-ы Қазақстанның халқы Ассамблеясынан тағайындалады. Олар мемлекеттің барлық этностарының мүдделерін білдіреді.

165. Ассамблея жұмысының арқасында біздің елімізде әрбір азамат этникалық немесе діни қатыстылығына қарамастан, Конституция кепілдік берген азаматтық құқық пен бостандықтың барлық мүмкіндігін иеленіп және оны пайдаланғандықтан, этносаралық және конферессияаралық келісім, сенімнің ерекше атмосферасы, ынтымақтастық пен өзара түсіністіктің бірегей моделі қалыптасты.

166. Қазақстан Республикасында ақпараттық-коммуникациялық бірлестіктерді қолдау жүргізілуде. Ақпарат айдынында 35 этникалық газет пен журнал жұмыс істейді. Оның 6-ы мемлекеттік қолдау арқылы жұмыс істейді. Газеттер мен журналдар 11 тілде, телебағдарламалар 7 тілде, радиобағдарламалар 8 тілде шығарылады.

167. Республикада саны аз ұлт өкілдері үшін ана тілін оқып-үйренуге арнайы жағдайлар жасалған. Республиканың білім беру ұйымдарында негізгі ережелердің бірі – ана тілін оқып-үйренуде ұлттық топтардың құқықтарын іске асыру орындалуда.

168. 2013 - 2014 оқу жылдары республикада мынадай мектептер:

57 – өзбек тілінде оқытатын (2012 жылы – 60);

14 – ұйғыр тілінде оқытатын (2012 жылы – 14);

2 – тәжік тілінде оқытатын (2012 жылы – 2) жұмыс істеді.

169. Өзбек тілінде оқытатын сыныптары бар аралас мектептер – 91 (2012 жылы – 79), ұйғыр тілінде – 48 (2012 жылы - 49), тәжік тілінде – 9 (2012 жылы - 10).

170. Балалардың және жинақы тұрып жатқан халықтың қызығушылығын ескере отырып, қажет болған жағдайда саны аз ұлт өкілдерінің тілдерін оқып-үйрену үшін қ о с ы м ш а с ы н ы п т а р а ш ы л у д а .

171. Республикада өңірлерде жинақы тұрып жатқан балалар мен жастарға арналған дәстүр мен салтты оқып-үйрену және халықтардың тілін дамыту үшін 70-тен астам жексенбілік мектептер жұмыс істейді.

172. Барлық жексенбілік мектептер Ұлттық мәдени орталықтардың жанында жұмыс істейді және қажетті оқу-методикалық, тарихи әдебиетпен және лингафондық жабдықтармен қамтамасыз етілген.

2 және 26-баптар

173. Қазақстан Республикасы заңнамағажәне халықаралық шарттарға сәйкес өз аумағында әрбір адамның және азаматтың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Мемлекет Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде жүрген Қазақстан азаматтарын қорғауға және оларға қамқорлық жасауға кепілдік береді. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету кезінде адаммен азаматтың құқықтары мен бостандықтары тек заңдармен және конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын сақтау, халықтың денсаулығы мен имандылығын қорғау мақсатында қажет болған шамада ғана шектелуі мүмкін. Бұл ретте аталған адамдар заңнамада белгіленген тәртіппен тиісті мемлекеттік органдардан өз құқықтары мен бостандықтарының шектелуі жөнінде түсініктер алуға құқылы. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету кезінде өз өкілеттіктерін асыра пайдаланған лауазымды адамдар Заңда белгіленген жауаптылықта болады. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жәрдемдесетін адамдарды мемлекеттік қолдауға, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың құқықтық жағынан қорғалуына к е п і л д і к б е р і л е д і .

174. Қазақстан Республикасында кемсітпеушілік институты өз аумағында тұрып жатқан халықтың теңдігін, гендерлік, әлеуметтік-экономикалық теңдікті қамтамасыз ету бойынша ерекше белсенді бағытта жылжып келеді.

175. Қазақстан халқы Ассамблеясы Қазақстан халқының теңдігін және бірлігін дамытуда негіз қалаушы орын алады. 2010 ? 2013 жылдары осы ұйым семинарлар, конференциялар, жәрмеңкелер өткізу, меморандумдарға қол қою, жобаларды іске асыру сияқты және тағы басқа қыруар жұмыстар атқарды.

176. Қазақстан Республикасының басшылығы саясатының мақсаты бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы саясатының халық этностар халқының құрылымымен байланысты залалды себептерін жою, депортацияланған ұлт өкілдеріне қатысты қарым-қатынасы бойынша кеңес үкіметінің кемсітушілік саясатының жағымсыз зардаптарын еңсеру болып табылады. Мемлекет депортациялау құрбандарына тұрақты түрде өтемақы төлеп отырады.

177. 2011 жылдан бастап жоғары оқу орындарында этносаралық қарым-қатынастарға және нәсілдік кемсітушілікке арналған жеке пәндерді оқыту е н г і з і л г е н .

178. 2010 - 2012 жылдары АҚУ кемсіту мәселелері бойынша 39 өтініш қарады. Жеке өтініштер бойынша тиісті мемлекеттік органдарға ұсынымдар жіберілді.

179. Елде теңдікке қарсы қылмыстар әлеуметтік, ұлттық, тектік, нәсілдік және діни алауыздықты қозғау бөлігінде жасалады. 2010 - 2012 жылдары осыған ұқсас 78 қылмыс тіркелді. Сонымен бірге, геноцид жасау және азаматтардың теңдігін бұзуфактілері б о л ғ а н ж о қ .

180. 2011 жылы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне азаматтардың теңдігін бұзғаны үшін қылмыстық жауаптылықты қатаңдататын өзгерістер енгізілді.

3-бап

181. «SocialWatch» халықаралық ҮЕҰ берген 2012 жылғы гендерлік теңдік индексіне сәйкес әлемдегі гендерлік теңдік деңгейі бойынша Қазақстан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының (бұдан әрі – ТМД) барлық елдерінен озып, 31–орынға ие болды. 2013 жылдың аяғында Давос форумының талдамалық тобы жариялаған әлем елдерінің жыныстық теңдік деңгейі бойынша рейтингте Қазақстан Республикасы ТМД барлық елдерінен озып, 136 елдің ішінде 32–орынға ие болды.

4-бап

182. Қазақстан Республикасында төтенше жағдай Қазақстан Республикасының демократиялық институттарына, тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығына, саяси тұрақтылығына, оның азаматтарының қауіпсіздігіне елеулі және тікелей қауіп төнген және мемлекеттің конституциялық органдарының қалыпты жұмыс істеуі бұзылған жағдайда енгізіледі.

183. Төтенше жағдайды енгізу негіздері:

1) шектес мемлекеттер аумақтарынан Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы жаппай өтуден; Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге әрекеттенуден; терроризм актілерінен; билікті күштеп басып алуға немесе Қазақстан Республикасының Конституциясын бұза отырып, билікті күшпен ұстап тұруға бағытталған іс-әрекеттерден; жаппай тәртіпсіздіктерден, ұлтаралық және конфессияаралық қақтығыстардан; жекелеген жергілікті жерлерді, аса маңызды және стратегиялық объектілерді қоршап алудан немесе басып алудан; заңсыз қарулы құралымдарды дайындаудан және олардың әрекетінен; қарулы бүліктен; диверсиядан; қарулы қақтығысты күштеп таңу мақсатында басқа мемлекеттер тарапынан жасалатын арандатушылық іс-әрекеттерден; Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығын бұзудан туындаған әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар;

2) дүлей зілзала (жер сілкінісі, сел, қар көшкіні, су тасқыны және басқалар), дағдарысты экологиялық жағдайлар, табиғи өрттер індеттермен эпизоотиялар, ауыл шаруашылығы өсімдіктері мен ормандардың аурулармен және зиянкестермен зақымдалуы, өнеркәсіптік, көліктік және басқа да авариялар, өрттер (жарылыстар), күшті әсер ететін улы, радиоактивті және биологиялық қауіпті заттар ауаға жайылатын (жайылу қаупі бар) авариялар, ғимараттар мен құрылыстардың кенеттен құлауы, су бөгеттерінің бұзылуы, тыныс-тіршілікті қамтамасыз ететін электрэнергетикалық және коммуникациялық жүйелердегі, тазарту құрылғыларындағы авариялар себеп болған және жағдайды дереу тұрақтандыруды, құқық тәртібін қамтамасыз етуді, қажетті

құтқару және авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу үшін жағдай жасауды талап ететін табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар болып табылады.

184. Дүлей зілзаланың немесе кең ауқымдағы аварияның (апаттың) нақты қаупі де төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органның ұсынуы негізінде төтенше жағдай енгізуге негіз болуы мүмкін.

185. Қазақстан Республикасының бүкіл аумағындағы немесе оның жекелеген жерлеріндегі төтенше жағдайды Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасы Премьер-Министрімен және Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының төрағаларымен ресми консультациялардан кейін өзінің тиісті жарлығымен енгізеді, бұл туралы Қазақстан Республикасының Парламентіне дереу х а б а р л а н а д ы .

186. Төтенше жағдай қалыптасқан жағдайды өзге шаралар қолданумен реттеу мүмкін болмаған жағдайда енгізіледі. Мәжбүрлі еңбекке төтенше жағдайда немесе соғыс жағдайында ғана жол беріледі. Парламентті және Парламент Мәжілісін төтенше немесе соғыс жағдайы кезеңінде таратуға болмайды.

187. «Төтенше жағдай туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы Заңына сәйкес төтенше жағдай кезінде қолданылатын шаралар және жеке тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ заңды тұлғалардың құқықтарын шектеу, оларға қосымша міндеттер жүктеу төтенше жағдайды енгізугенегіз болған мән-жайлар туындатқан шектерде жүзеге асырылуға тиіс. Төтенше жағдай кезінде қолданылатын шаралар мен шектеулер Қазақстан Республикасы адам құқықтары саласында ратификациялаған халықаралық шарттарға қайшы келмеуге тиіс.

188. Төтенше жағдай режимінің енгізілуіне байланысты құқықтар мен бостандықтарды уақытша шектеу жоғарыда көрсетілген Заңның «Төтенше жағдай кезінде қолданылатын шаралар мен уақытша шектеулерге» деген 4-тарауына сәйкес белгіленеді. Бұл шаралар мен шектеулер Пактінің ережелеріне сәйкес келеді.

189. Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласында 2011 жылғы 16 желтоқсанда орын алған жаппай тәртіпсіздіктерге байланысты, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қалпына келтіру, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында, Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласының шекараларында 2011 жылғы 17 желтоқсандағы 18 сағат 00 минут пен 2012 жылғы 5 қаңтардағы 7 сағат 00 минут кезеңінде төтенше жағдай енгізілген.

190. «Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласында төтенше жағдайды енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 17 желтоқсандағы № 197 Жарлығына сәйкес төтенше жағдай кезеңінде Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласының комендатурасы құрылды, оған «Төтенше жағдай туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген өкілеттіктер берілді.

191. Қазіргі кезеңде жағдай қалпына келді, барлық органдар қалыпты жағдайда жұмыс істеп жатыр.

192. Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету мақсатында қабылданған және жеке тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ заңды тұлғалардың құқықтарын уақытша шектеуге байланысты нормативтік құқықтық актілер төтенше жағдай енгізілген мерзім ішінде ғана қолданылады және төтенше жағдайдың тоқтатылуымен бірмезгілде ол туралы арнайы хабарландырусыз-ақ күшін жояды.

5-бап

193. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы ? адам және адамның өмірі, құқықтары мен б о с т а н д ы қ т а р ы .

194. Республика қызметінің негіз қалаушы қағидаттары: қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық, бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму; қазақстандық патриотизм; мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру а р қ ы л ы ш е ш у .

195. Қазақстан Республикасы Конституциясының 39-бабына сәйкес адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі м ү м к і н .

196. Ұлтаралық татулықты бұзатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылады. Саяси себептер бойынша азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қандай да бір нысанда шектеуге жол берілмейді. Конституцияның 10, 11, 13-15-баптарында; 16-бабының 1-тармағында; 17-бабында, 19-бабында, 22-бабында, 26-бабының 2-тармағында көзделген құқықтар мен бостандықтар ешбір жағдайда да шектелмеуге тиіс.

6-бап

197. Қазақстан Республикасы халық арасында өлімді, соның ішінде ана мен бала өлімін, жолдарда болатын және еңбек қызметіне байланысты өлімді азайтуға, адамдардың жеке басына қарсы қылмыстармен күресуге бағытталған өмірге деген құқықты қамтамасыз ету бойынша белсенді саясатты жүргізеді.

198. Соңғы үш жылдың серпіні елде ана өлімі 3,7 есеге дейін, бала өлімі 25 % төмендегенін көрсетеді.

199. 2010–2013 жылдары қан айналымы жүйесі ауруларынан адам өлімі 20 % төмендеді.

200. Еңбек қызметіне байланысты өлім азайып келеді. 2012 жылы 2010 жылмен

салыстырғанда кісі өлімінің деңгейі 18,9 %-ға төмендеді.

201. 2010 - 2013 жылдары адамдардың жеке өміріне қарсы қылмыстардың төмендеуі бойынша үрдіс байқалды.

202. Сонымен қатар, БҰҰ халықтың қоныстануы саласындағы қорының(ЮНФПА) субөңірлік кеңсесінің деректері бойынша өзіне-өзі қол жұмсау жағынан Қазақстан ең жоғары деңгейге ие елдердің қатарына кіреді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының статистикасына сәйкес Қазақстан ересек тұрғындар арасында суицид бойынша алдыңғы орындардың бірінде және кәмелетке толмағандармен жастар арасында суицид бойынша бірінші орындардың бірінде тұр (Worldhealthstatistics, 2011). Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының көрсеткіші бойынша жылына 100 мың тұрғынға 20 жағдай «Дағдарыс деңгейі» деп танылады, соңғы зерттеу көрсеткіштері бойынша бұл көрсеткіш Қазақстанда 100 мың тұрғынға 26,9 құрайды (Worldhealthstatistics, 2011). Осы әлеуметтік індеттің алдын алу мақсатында 2013 жылдың қаңтарынан бастап суицидологиялық қызмет жұмыс істеуде, суицид жағдайларын бірыңғай тіркеу жүргізіледі. Республикалық психиатриялық орталық базасында дәрігерлерді, оқытушыларды, сондай-ақ мектеп психологтарын алғашқы медициналық-әлеуметтік көмек көрсетуге үйрету жүргізіледі.

203. Бұдан басқа, елімізде жол апаттарынан өлім деңгейі жоғары болып отыр. Осы көрсеткішті төмендету мақсатында бірқатар шаралар қолданылуда. Жол жүру ережелерін бұзғаны үшін қатаң шаралар енгізілді. Мәселен, жылдамдықты сағатына 40 километрден жоғары көтерген жағдайларда, қарама-қарсы қозғалыс жолағына шыққаны үшін, тоқтау туралы ішкі істер қызметкерлерінің заңды талаптарын орындамағаны үшін көлік құралдарын жүргізу құқығын айыру сияқты әкімшілік ықпал ету шарасын қолдану болжанады. Айыппұлдардың мөлшері көтерілген. Жолда өлім санын азайту мақсатында Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексінде масаң күйінде және мас болудың басқа да түрі жағдайында автокөлік құралдарын жүргізген адамдардың жауаптылығы, осы әрекетті әкімшілік құқық бұзушылық санатынан қылмыстық қылмысқа ауыстыру арқылы күшейтілді.

7-бап

204. Қазақстан Республикасы Конституциясының 17-бабына сәйкес ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқаша қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды. Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды.

205. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде клиникалық зерттеулер өткізудің және алдын алудың, диагностиканың, емдеудің және медициналық оңалтудың жаңа әдістері мен құралдарын қолдану тәртібін бұзғаны үшін жауаптылық көзделген.

8-бап

206. 2012 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі адам саудасына қарсы күрес жөнінде ұлттық жоспар қабылдады. Осы жоспарда алдағы екі жылға нақты 40 іс-шара көзделген.

207. Көрсетілген іс-шаралар бағыттардың тұтас спектрін - халықаралық тәжірибені зерделеуді, Конвенцияларға қосылуды, адам саудасының құрбандары үшін арнайы әлеуметтік қызмет көрсету мәселелерін пысықтауды, дағдарыс орталықтары мен паналау үйлеріне қолдау көрсетуді, қылмыстық қудалау мәселелерінде жаңа тәсілдер мен әдістер енгізу, қызметкерлердің біліктілігін көтеруді, сондай-ақ алдын алу іс-шараларын өткізуді қамтиды.

208. Қазіргі кезде ТМД-ға қатысушы мемлекеттер ынтымақтастығы бағдарламасының шеңберінде адам саудасына байланысты қылмысқа қарсы күрес, оны болдырмау және оның алдын алу жөніндегі төртінші жоспар іске асырылуда.

209. Елде адам саудасының құрбандары үшін оңалту қызметі көрсетілетін паналау үйлері ашылды. Приюттерге Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің пилоттық жобасы шеңберінде қолдау көрсетіледі.

210. Адамдар саудасына қарсы күрес саласында құрбандарға көмек көрсету жөніндегі 20 ҮЕҰ жұмыс істейді.

211. 2010 жылдан бастап қалалық және ұялы телефондар арқылы қол жетімді «116-16» республикалық сенім телефоны әрекет етуде. Сенім телефоны Көші-қон жөніндегі халықаралық ұйымның, Дағдарыс орталықтарының одағы және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің қаржылық және ақпараттық қолдауының негізінде жұмыс істейді.

9-бап

212. Қадағалау органы жыл сайын қылмыстық қудалау органдарының қызметтік орындарында заңсыз ұсталған жүздеген адамдарды босатады. Мәселен, 2010 жылы 1043 адам, 2011 жылы 1063 адам, 2012 жылы 1152 адам, 2013 жылы 803 адам босатылды.

213. 2012 жылы АҚУ ұстаудың 72 сағатқа тең ең ұзақ мерзімі туралы норманы түсіндіру бойынша жұмыстар жүргізді. Бостандығын шектеу ұғымы, халықаралық құқыққа сәйкес кеңірек түсіндіруге ие болды, ол азаматтардың еркін жүріп-тұру бостандығын шектеуді болжайтын көптеген рәсімдерді қайта қарау қажеттігін негіздейді.

214. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің жаңа редакциясында олар бірқатар іс жүргізу және тергеу әрекеттерін, оның ішінде қамауда және үйде қамақта ұстау, кәмелетке толмаған адамды арнайы мекемелерге орналастыру

түрінде бұлтартпас шараларын санкциялау мәселелерін шешетін тергеу соттарын енгізуді қарастырады.

10-бап

215. Қылмыстық атқару жүйесін одан әрі дамыту мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 9 маусымдағы № 775 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында қылмыстық-атқару жүйесін дамытудың 2012 – 2015 жылдарға арналған бағдарламасы қабылданады.

216. Бас бостандығынан айыру орындарында ұсталған сотталғандардың және тергеуге-қамауға алынғандардың денсаулығын жақсарту мақсатында мынадай міндеттер қойылып орындалуда: 100 мың адамға есептегенде сотталғандардың арасында туберкулезден болатын өлім, 2012 жылы – 61; 2013 жылы – 60,7; 2014 жылы – 60,3; 2015 жылы – 59,9 дейін азайту (2011 жылы – 61,4); қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдар арасында АИТВ инфекциясының таралуынан 2-5 % (2011 жылы – 3 %) шеңберінде болдырмау; сотталғандар арасында қан айналымы жүйесі кісі өлімін 100 мың сотталғанға азайту 2012 жылы – 44,7; 2013 жылы – 44,4; 2014 жылы – 44,1; 2015 жылы – 43,8 (2011 жылы – 45) азайту.

217. 2012 жылы қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша, «Адам құқықтары саласында халықаралық-құқықтық стандарттар», «Бас бостандығынан айыру орындарында адами қасиеттерді жоғалтпау», «Азаптауларға қарсы БҰҰ конвенциясына факультативтік хаттама, ұлттық превентивті механизмдер» және «Түзеу мекемелерінің қызметінде заңдылықты сақтау» тақырыптарында і с - ш а р а л а р жү р г і з і л д і .

218. Қазіргі уақытта республиканың барлық өңірлерінде 15 қоғамдық бақылау комиссиялары жұмыс істейді, оның құрамына қоғамдық және үкіметтік емес бірлестіктердің, құқық қорғаушы ұйымдардың 101 өкілі кіреді.

219. Қылмыстық атқару жүйесі мекемелеріне коммуналдық-тұрмыстық жабдықтарын сатып алу үшін жыл сайын қаржыландыру 2013 жылы – 446,6 млн., 2012 жылы – 246,7 млн. теңге, 2014 жылы – 515 млн. теңгеге көбеюде.

220. Сотталғандар тұратын тұрғын жайларға қатаң санитариялық-гигиеналық т а л а п т а р қ о й ы л а д ы .

221. 2011 жылдан бастап сотталғандарды тамақтандыру нормалары өсті, күн сайынғы рацион 26 атауға дейін кеңейтілді, бұл сотталғандардың тамақтану сапасына және нормасына қатысты шағымдануын тоқтатты.

222. Төсек жабдықтарын пайдалану мерзімін қысқарту бөлігіне өзгерістер енгізілді (ТМ – 2-ден 1 жылға дейін, АИ – 8-ден 6 айға дейін).

223. 2010 - 2013 жылдары сотталған адамдарды беру туралы Испаниямен, Түркиямен, Қытаймен халықаралық шарттар ратификацияланды. Италиямен осыған

ұқсас шарт ратификациялауға дайындалып жатыр. Жоғарыда көрсетілген халықаралық актілер сотталғандарға жазасын өздері азаматы болып табылатын мемлекетте өтеу мүмкіндігін береді.

11-бап

224. Қазақстан осы бапта көзделген міндеттемелерді орындады. 2011 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңымен Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 195-бабы алып тасталды, онда несиелік берешекті өтеуден әдейі жалтарғаны үшін қылмыстық жауапкершілік көзделген. Мәселен, бұл бапта ірі мөлшердегі несиелік берешекті өтеуден тиісті сот актісі заңды күшіне енгеннен кейін ұйым жетекшісінің немесе азаматтың әдейі жалтаруы - екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде айыппұл салуға, не төрт айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Бұл ретте, азаматтың бес жүз айлық есептік көрсеткіштен асатын сомадағы, ал ұйымның екі мың бес жүз айлық есептік көрсеткіштен асатын сомадағы берешегі ірі мөлшердегі несиелік берешек деп танылады. Осындай норма Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексінде де жоқ.

12-бап

Қазақстан Республикасы Конституциясының 21-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында заңды түрде жүрген әрбір адам, заңда көрсетілгеннен басқа реттерде, оның аумағында еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты мекенді өз қалауынша тандап алуға құқығы бар. Әркімнің Республикадан тыс жерлерге кетуіне құқығы бар. Республика азаматтарының Республикаға кедергісіз қайтып оралуына құқығы бар.

«Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» 1995 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабына сәйкес шетелдіктер Қазақстан Республикасының шетелдіктердің болуына рұқсат етілген аумағында еркін жүріп-тұра алады және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпке сәйкес тұрғылықты жерді таңдай алады. Жүріп-тұрудағы және тұрғылықты жер таңдаудағы шектеулер мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті, халықтың денсаулығы мен адамгершілігін сақтау, Қазақстан Республикасының азаматтары мен басқа да адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қажет болғанда Қазақстан Республикасының бұған уәкілеттік берілген органдарының актілерімен белгіленеді.

13-бап

225. Елден қуу (депортация), қайтару және беру (экстрадиция) ұлттық заңнаманың және халықаралық шарттардың негізінде жүзеге асырылады. Шетелдік азаматтарды экстрадициялаудың және Қазақстанның азаматтарын беру туралы шет мемлекеттердің мемлекеттік органдарына өтініш жасаудың жалпы ережелері Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде регламенттелеген.

226. Көші-қон заңнамасының нормаларын бұзу және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте тиісті жауапкершіліктің болуы шетелдік азаматтарды депортациялаудың негізі болып табылады.

14-бап

227. World Justice Project халықаралық ҮЕҰ 2014 жыл үшін Заң үстемдігі индексінің ұсынды. Осы рейтингте Қазақстан ТМД-ның барлық елдерінің алдына шығып 71 о р ы н ғ а и е б о л д ы .

228. Сот-құқық жүйесін дамыту сабақтастық және кезеңділік негізінде жүзеге асырылады. Оны дамытудың негізгі арқауы соттар мен судьяларды мамандандыру, оның ішінде ювеналдық соттарды дамыту, қылмыстық істерді қарайтын мамандандырылған соттар құру болып табылады. Қазақстанда жалпы, әкімшілік, экономикалық, қылмыстық, ювеналдық және қаржылық юрисдикциядағы 378 сот жұмыс істейді. Онда қатаң біліктілік іріктеуінен өткен 2214 судья қызмет етеді. Аса ауыр қылмыстар бойынша қылмыстық істер алқабилердің қатысуымен қаралады. Соттар мен қорғаушылар рөлінің күшейтілгенін Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық және Қылмыстық іс жүргізу кодекстерінде байқауға болады.

229. Сот шешімдерін қайта қарауды және Жоғарғы Сот қарайтын істер санатын қысқартуды талап ететін жағдайлардың аражігін заңнамалық түрде ажыратуға бағытталған ұсынымдар пысықталды. Жоғарғы Соттың бастамасы бойынша Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық іс жүргізу кодексінде қылмыстық тергеу орбитасына тартылған, адамдардың тұтастай алғанда құқықтарын қорғау тетігінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін тергеу судьясының өкілеттіктерін кеңейтуге қатысты өзгерістер енгізілді.

15-бап

230. Қылмысты жасау барысында қылмыс деп танылмаған әрекеттері үшін қылмыстық соттауға тыйым салуға қатысты Қазақстан Республикасы Пактінің нормаларын толық сақтайды. Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабына сәйкес сот ісін жүргізу қағидаларының бірі жауапкершілікті белгілейтін немесе күшейтетін, азаматтарға жаңа міндеттемелер жүктейтін немесе олардың жағдайын

нашарлататын заңдардың кері күші болмайтындығында. Егер құқық бұзушылық жасалғаннан кейін ол үшін жауапкершілік заңмен алынып тасталса немесе жеңілдетілсе, жаңа заң қолданылады деп жариялайды.

231. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде осыған сәйкес норма бар. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 4-бабында әрекеттің қылмыстылығы мен жазаланушылығы сол әрекет жасалған уақытта қолданылып жүрген заңмен белгіленеді деп тікелей көрсетеді. Қоғамдық қауіптііс-әрекет (әрекетсіздік) жүзеге асырылған уақыт, зардаптардың басталған уақытына қарамастан, қылмыс жасалған уақыт деп танылады.

232. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 5-бабында әрекеттің қылмыстылығын немесе жазаланушылығын жоятын, жауаптылықты немесе жазаны жеңілдететін немесе қылмыс жасаған адамның жағдайын өзге де жолмен жеңілдететін заңның кері күші болады, яғни осындай заң күшіне енгенге дейін тиісті әрекет жасаған адамдарға, оның ішінде жазасын өтеп жүрген немесе жазасын өтеген, бірақ соттылығы бар адамдарға қолданылады деп көрсетілген. Бұдан басқа, осы баптың 2-тармағында егер жаңа қылмыстық заң адам сол үшін жазасын өтеп жүрген әрекеттің жазаланатындығын жеңілдетсе, тағайындалған жаза жаңадан шығарылған қылмыстық заң санкциясының шегінде қысқартылуға тиіс. Әрекеттің қылмыстылығын немесе жазаланушылығын белгілейтін, жауаптылықты немесе жазаны күшейтетін немесе осы әрекетті жасаған адамның жағдайын өзге де жолмен нашарлататын заңның кері күші болмайды деп көрсетілген.

233. Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы тек қана Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінен тұрады. Қылмыстық жауаптылықты көздейтін өзге заңдар олар осы Кодекске енгізілгеннен кейін ғана қолданылуға ажатады. Басқаша айтқанда, қылмыс жасаған барлық адамдар, оның ішінде әскери қызметкерлер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қылмыстары, теріс қылықтары және өзге де құқық бұзушылықтары үшін қылмыстық, әкімшілік, азаматтық-құқықтық және тәртіптік жауаптылықта болады.

234. Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығымен Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы бекітілді. Осы тұжырымдама Қазақстан Республикасы одан әрі жүргізетін құқықтық саясатын белгілейді, ұлттық құқықтық жүйенің даму және қалыптасу бағдарламасында жаңа сатыға өтеді. Тұжырымдаманың негізгі векторы қылмыстық саясатты әрі қарай үйлестіру болып табылады. Ең алдымен аса қоғамдық қауіп тудырмайтын адамдарға (абайсызда қылмыс жасаған кәмелеттік жасқа толмаған адамдар, өзге де адамдарға – жазаны жеңілдететін мән-жайлар) қатысты қылмыстық жазалаудан босатудың шарттарын кеңейту арқылы қылмыстық қуғын-сүргінді қолдану аясын кезең-кезеңмен қысқарту мүмкіндігін айқындау маңызды жаңашылдық болып табылады.

235. Тұжырымдаманың маңызды негіздемесінің бірі қылмыстық заңды Қазақстан ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес келтіру болып табылады. Бұл арада, атап айтқанда, әңгіме қылмыстық сипаттан арылту туралы ғана емес, керісінше құқық бұзушылықтардың белгілі бір түрлеріне қылмыстық сипат беру туралы болып отыр.

236. Қазақстан Республикасының құқықтық саясат тұжырымдамасына Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 16 қаңтардағы № 731 Жарлығымен жаңа талаптар ескеріле отырып, Қазақстанның құқықтық жүйесін дамытуды айқындайтын өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

237. Енгізілген өзгерістерге сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету стандарттары мен «e-justice» жүйесінің элементтерін енгізу жоспарлануда, олар жиынтығында азаматтар мен ұйымдар мемлекеттік органдарға жүгінген кезде біртіндеп қағазсыз құжат айналымына көшуге мүмкіндік береді. Құқық қорғау органдары жұмысының сапасын арттыру мақсатында осы саладағы заңнаманы жаңғырту бойынша жүргізіліп отырған жұмысты ескере отырып, Тұжырымдамада азаматтардың құқықтарын жоғары деңгейде қорғаудағы қылмыстық саясаттың жеделдігі мен тиімділігін арттыруға бағытталған шараларды іске асыру көзделген.

16-бап

238. Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабына сәйкес әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға құқылы.

239. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабына сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады.

240. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Неке туралы кодекс) 25-бабы баланың тууын мемлекеттік тіркеуді айқындайды. Неке туралы кодекстің 187-бабына сәйкес баланың тууын тіркеу үшін туу туралы медициналық куәлік немесе туу фактісін анықтау туралы сот шешімінің көшірмесі негіз болып табылады.

241. 2013 жылы «Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы» Қазақстан Республикасының жаңа Заңы күшіне енді. Осы Заң жеке басты куәландыратын құжаттардың құқықтық негіздерін айқындайды, оларды ресімдеуге қойылатын талаптарды белгілейді, сондай-ақ жеке басты куәландыратын құжаттарды дайындау, беру, ауыстыру, тапсыру, алып қою және жою жөніндегі қызметті реттейді.

242. Мыналар: 1) Қазақстан Республикасы азаматының паспорты; 2) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі; 3) шетелдіктің Қазақстан Республикасында

тұруына ықтиярхат; 4) азаматтығы жоқ адамның куәлігі; 5) Қазақстан Республикасының дипломатиялық паспорты; 6) Қазақстан Республикасының қызметтік паспорты; 7) босқын куәлігі; 8) Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәлігі; 9) шетелдік паспорт; 10) қайтып оралуға арналған куәлік; 11) туу туралы куәлік жеке басты куәландыратын құжаттар болып табылады.

17-бап

243. АҚУ-ға 2010 - 2012 жылдары жеке өмірге қол сұғылмаушылық, өзінің және отбасы құпиясына құқығы, ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғау және жеке салымдары мен жинаған қаражатының, хаттарының, телефон арқылы сөйлескен сөздерінің, пошта, телеграф арқылы алған хабарларының құпиялылығы сақталу құқықтары мәселелері бойынша 10 өтініш келіп түсті.

244. Аталған өтініштерде азаматтар бейтаныс адамдардың қудалауынан оқшаулау бойынша іс-шаралар қабылдау мәселелерін көтерді, телеарналардың шындыққа сай келмейтін ақпараттарды баяндау бөлігіндегі іс-қимылдарына дау айтқан. Көрсетілген өтініштерді қарау шеңберінде АҚУ мекемесі өтініш берушілерге өздерінің құқықтарын қорғау бойынша құқықтық консультациялар берді.

245. 2010 - 2012 жылдар кезеңде жеке өмірге қарсы 2777 қылмыс тіркелді.

Жеке өмірге қарсы қылмыстардың тіркелген саны

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі баптарының тізбесі	2010	2011	2012
Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 142-бабы (Жеке өмірге қолсұғылмаушылықты бұзу)	0	1	4
Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 143-бабы (Хат жазысу, телефонмен сөйлесу, пошта, телеграф хабарларының немесе өзге хабарлар құпиясын заңсыз бұзу)	38	30	67
Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 144-бабы (Дәрігерлік құпияны жария ету)	0	0	1
Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 145-бабы (Тұрғын үйге қолсұғылмаушылықты бұзу)	566	805	1265

246. 2011 жылы Қазақстан Республикасы ақпараттық қауіпсіздігінің 2016 жылға дейінгі тұжырымдамасы бекітілді, ол елдің ұлттық ақпараттық инфрақұрылымы мен бірыңғай ұлттық ақпараттық кеңістігінің қорғалуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін дамытуға, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы біртұтас мемлекеттік техникалық саясатты әзірлеуге және іске асыруға, оның ішінде ақпаратты қорғаудың ұлттық жүйесін дамытуға және нығайтуға, ақпараттық саладағы жеке тұлғаның құқықтарын және қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қорғауға бағытталған.

247. 2013 жылы «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды, ол адамның және азаматтың дербес деректерін жинау және өңдеу кезінде оның құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен қатар осы Заңның қолданысқа енгізілуіне байланысты қолданыстағы заңнамаға, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне бірқатар түзетулер қабылданды.

18-бап

248. Қазақстан Республикасы Конституциясының 22-бабының 1-тармағында әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар, ар-ождан бостандығы құқығын жүзеге асыру жалпы адамдық және азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерге байланысты болмауға немесе оларды шектемеуге тиіс деп айтылған.

249. Елде дін бостандығының болуы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңның 3-бабында толық расталған, онда заңды діни қызметке кедергі келтіруге, жеке тұлғалардың дінге көзқарасы себептері бойынша азаматтық құқықтарының бұзылуына немесе олардың діни сезімдерін қорлауға, қандай да бір дінді ұстанушылар қастерлейтін заттарды, құрылыстар мен орындарды бүлдіруге жол берілмейтіндігі көрсетілген.

19-бап

250. 2012 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республикада 2740 бұқаралық ақпарат құралдары жұмыс істейді, олардың ішінде: мемлекеттік – 439 (16 %), мемлекеттік емес – 2301 (84 %). БАҚ-тың жалпы санының 91 % газеттер (1662) және журналдар (832), электрондық БАҚ 8,5 % және ақпараттық агенттіктер 0,5 % (13) құрайды.

251. Мемлекеттік органдар мемлекеттік органдардың қарамағындағы ақпаратқа қол жеткізу құқығын қамтамасыз ету және ақпаратты белсенді түрде ашуға ықпал ету бойынша шаралар қолдануда.

252. Бұған қоса «Қазақстан Республикасының «Ұлттық қауіпсіздік туралы» Заңында айқындалған ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін интернет-ресурстарды бұғаттау бойынша диффамациялық шара қажет болып табылады. Мәселен, 2012 жылғы қаңтарда «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына түзету қабылданды, ол Қазақстан Республикасының Конституциясын және осы Заңның нормаларын бұзатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының өнімін таратуға сот тәртібімен тыйым салынатынын, ал интернет-ресурстар болып табылатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары үшін көрсетілген интернет-ресурстарға Қазақстан Республикасының аумағында қол

жеткізуді тоқтатыла тұратынын айқындайды.

253. 2012 жылы «Телерадио хабарларын тарату туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Оның негізгі қағидаттары заңдарда тыйым салынбаған кез келген тәсілдермен еркін ақпарат алу және тарату, сөз бен шығармашылық бостандығы құқықтарына конституциялық кепілдіктерді қамтамасыз ету, телерадио хабарларын тарату қызметтерін пайдалану кезінде адамның, қоғам мен мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

20-бап

254 Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексінде бейбітшілік пен қауіпсіздікке қарсы мынадай қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылық көзделген: басқыншылық соғысты тұтандыруға насихат жүргізу және жария түрде шақыру, әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік немеседіни араздықты қоздыру. Осы қылмыстар үшін жазалау сонымен қатар Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексінде

к ө з д е л г е н .

255. «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңның 2-1-тармағына сәйкес бұқаралық ақпарат құралының меншікисі, бас редакторы (редакторы) Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-таптық және рулық артықшылықты, қатыгездікті, зорлық пен порнографияны насихаттап, үгіттейтін хабарлар мен материалдарды таратқаны үшін, олардың алынған көздеріне қарамастан, Қазақстан Республикасының заңактілерінде белгіленген жауаптылықта болады.

21-бап

256. 2010 жылдан бастап 2013 жылғы 30 қыркүйекке дейінгі кезеңде жалпы республика бойынша 1222 әртүрлі акциялар тіркелген, оларға 250 мыңнан астам адам қатысты. Өткізілген шаралардың ішінде 660 шара санкцияланбаған болды, оларға 138 мыңнан астам азамат қатысты. 2010 - 2013 жылдар аралығында республика бойынша 1211 наразылық акциясы тіркелді, олардың ішінде санкцияланған – 170, санкцияланбаған – 630; жергілікті атқару органының рұқсатын талап етпейтін – 411, әлеуметтік-экономикалық сипаттағы – 819, қоғамдық-саяси сипаттағы – 392.

257. Олардың ішінде: 182 митинг, 267 пикет, 56 ереуіл, 624 жиналыс.

258. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 334-бабына 2011 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңымен бейбіт жиналыстар, митингілер, пикеттер, көше шерулерін және демонстрация ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы заңнаманы бұзғаны үшін жазалау шараларын жеңілдеткен қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру және қылмыстық процестегі заңдылықтың кепілдіктерін күшейту

мәселелері бойынша өзгерістер енгізілді.

259. Қазақстанда жиналыстарды ұйымдастыруды құқықтық реттеу халықаралық құқық нормаларына, атап айтқанда, Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының және демократияның дамыған жүйесі танылатын әлемнің саяси құқықтары мен практикасы туралы нормаларына сәйкес келетінін атап өту керек.

22-бап

260. Қазақстан Республикасының Конституциясы еркін бірлестіктер құру бостандығына құқық береді. Қоғамдық бірлестіктер қызметі заңмен реттеледі. «Қоғамдық бірлестіктер туралы» 1996 жылғы 31 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес саяси партиялар, кәсіптік одақтар және азаматтардың басқа да бірлестіктері қоғамдық бірлестіктер деп танылады.

261. Қоғамдық бірлестік Қазақстан Республикасы азаматтары тобының бастамасы бойынша кемінде он адамнан құрылады.

262. Азаматтардың қоғамдық бірлестіктер құру құқығы саяси партиялар мен кәсіптік одақтарды қоспағанда, тікелей жеке тұлғаларды біріктіру сияқты, сондай-ақ заңды тұлғалар – қоғамдық бірлестіктер арқылы да іске асырылады. Саяси партиялар мен кәсіптік одақтарды қоспағанда, жарғы қабылдайтын және басшы органдар қалыптастырылатын құрылтай съезін (конференция, жиналыс) шақырушы жеке тұлғалар және (немесе) заңды тұлғалар – қоғамдық бірлестіктер қоғамдық бірлестіктердің құрылтайшылары болып табылады. Қоғамдық бірлестіктердің құрылтайшылары – жеке және (немесе) заңды тұлғалар тең құқықтарға ие болады және бірдей міндеттерді тең атқарады.

263. Қоғамдық бірлестіктерді мемлекеттік тіркеу мен қайта тіркеу заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы заңдарда көзделген тәртіппен және мерзімдерде жүргізіледі.

264. Республикалық, өңірлік қоғамдық бірлестіктерді, шетелдік және халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктердің құрылымдық бөлімшелерін (филиалдары мен өкілдіктерін) мемлекеттік тіркеуді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жүзеге асырады. Жергілікті қоғамдық бірлестіктерді, филиалдар мен өкілдіктерді мемлекеттік тіркеуді аумақтық әділет органдары жүзеге асырады. Қоғамдық бірлестікті тіркеу үшін ол құрылған күннен бастап екі ай мерзім ішінде тіркеуші органға өтініш беріледі. Өтінішке жарғы, жарғыны қабылдаған құрылтай съезінің (конференциясының, жиналысының) хаттамасы, бірлестік құру бастамашылары туралы мәлімет және қоғамдық бірлестіктің тұрған жерін, сондай-ақ заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуден өткізгені үшін алымның төленгенін растайтын құжаттар қоса беріледі.

265. Саяси партиялар құрудың құқықтық негіздері, олардың құқықтары мен

міндеттері, қызметінің кепілдіктері, саяси партиялардың мемлекеттік органдармен және басқа ұйымдармен қатынастары «Саяси партиялар туралы» 2002 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген.

266. Азаматтардың, әртүрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін мемлекеттік биліктің өкілді және атқарушы, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында білдіру және оларды қалыптастыру ісіне қатысу мақсатында олардың саяси еркін білдіретін Қазақстан Республикасы азаматтарының ерікті бірлестігі саяси партия деп танылады. Саяси партияның халық атынан сөз сөйлеуге құқығы жоқ.

267. «Саяси партиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтары саяси партияларға бірлесу бостандығына, бір саяси партияға ғана мүше болуға құқығы бар. Саяси партияға мүше болу Қазақстан Республикасы азаматының құқықтары мен бостандықтарын шектеуге негіз бола алмайды. Әркім өзінің қандай партияға жататынын көрсетуге немесе көрсетпеуге құқылы.

268. «Саяси партиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес саяси партия саны бір мың адамнан кем емес, саяси партияның құрылтай съезін (конференциясын) шақыратын және облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың үштен екісінің атынан өкілдік ететін Қазақстан Республикасы азаматтары тобының бастамасы бойынша құрылады. Азаматтар саяси партияның құрылтай съезіне (конференциясына) жеке өзі қатысады. Азаматтардың саяси партияның құрылтай съезінде (конференциясында) сенімхат бойынша өкілдік етуіне жол берілмейді.

269. Саяси партияның құрылуын, оның ішінде құрылтай съезінің (конференциясының) өткізілуін ұйымдастыруды қаржыландыру жоғарыда аталған Заңның 18-бабының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

270. «Саяси партиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ұйымдастыру комитеті тіркеуші орган белгілеген нысандағы саяси партия құру ниеті туралы хабарламаны тіркеуші органға табыс етеді. Тіркеуші орган хабарламаны және өзге де құжаттарды алған күні ұйымдастыру комитетінің уәкілетті адамына олардың табыс етілгенін растайтын құжат береді.

271. «Саяси партиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 6 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңымен саяси партияларды құру, қайта ұйымдастыру тәртібіне өзгерістер енгізілді. Аталған Заңда қаржыландыру мәселесі бойынша өзгерістер енгізілген болатын. Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінде өкілдік ететін саяси партияларға соңғы сайлаудың қорытындысы бойынша бюджет қаражаты бөліне бастады. Сондай-ақ, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қорғаныс және әскери қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 16 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңында әскери қызметке кірген жағдайда

саяси партияларға мүше болуға қатысты өзгерістер енгізілген.

272. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңында филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеуге, тіркеуші органға Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілетін мәліметтер көлемінде тұрақты жұмыс істейтін орган орналасқан жердің және оның басшылары туралы деректердің өзгергені жөнінде хабарлауға қатысты толықтырулар е н г і з і л г е н б о л а т ы н .

273. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (336, 337, 337-1-б.) қоғамдық бірлестік мүшелерінің мемлекеттік органдардың қызметіне заңсыз араласуы, заңсыз қоғамдық және басқа да бірлестіктер құру немесе олардың қызметіне қатысуы, қоғамдық немесе діни бірлестіктің қызметін ұйымдастыру не ұйымның экстремизмді жүзеге асыруына байланысты олардың қызметіне тыйым салу немесе оларды тарату туралы сот шешімінен кейін олардың қызметін өзгедей ұйымдастыру бөлігінде қылмыстық жауаптылықты көздейді. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі (83-1, 374, 374-1, 375, 723-баптар) қоғамдық бірлестіктердің қызметінекедергі жасау, қоғамдық бірлестіктер туралы заңнаманы бұзу, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелмеген қоғамдық, діни бірлестіктердің қызметіне қатысу, сондай-ақ олардың қызметін қаржыландыру, діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнаманы бұзу, жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу туралы қаулыны орындауға әкімшілік жауапкершілікті көздейді.

274. 2012 жыл ішінде ҮЕҰ-ның жұмыстары айтарлықтай жандандырылды, «Республикалық қоғамдық заңгерлер бірлестігі» құрылды. 2013 жылы коммерциялық емес, өзін-өзі реттейтін «Ұлттық кәсіпкерлер палатасы» ұйымы құрылған болатын. Ұлттық кәсіпкерлер палатасын құрудың негізгі мақсаты мемлекет пен бизнестің сапалы жаңа диалогын қалыптастыру үшін, сондай-ақ салалық бірлестіктеріні қолдау үшін кәсіпкерлерді шоғырландыру болып табылады.

275. 2014 жылғы 27 маусымда «Кәсіптік одақтар туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіптік одақтардың қызметі және еңбек қатынастарын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы заңдарының жаңа редакциясы қабылданды. Заң жобаларының негізгі мақсаты – жұмыскерлердің еңбек, әлеуметтік-экономикалық құқықтарын және мүдделерін қорғау, әлеуметтік әріптестікте кәсіподақтардың рөлін арттыру және оның барлық деңгейінде диалогты дамыту, әлеуметтік-еңбек қатығыстарының алдын алу мақсатында кәсіподақ қозғалысының ұйымдастыру негіздерін айқындау.

276. «Кәсіптік одақтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы

Халықаралық Еңбек Ұйымына жолданған болатын, кейіннен ұйымның ұсыныстары ескеріле отырып, заң шығарушы органға жіберілді.

277. 2013 жылы заңды тұлғаларды тіркеу процесін барынша оңайлатуды көздейтін «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеуді оңайлату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданды.

23-бап

278. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес неке мен отбасы, ана, әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата-ананың етене құқығы әрі міндеті болып табылады. Кәмелетке толған еңбекке қабілетті балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға м і н д е т т і .

279. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының кодексі неке-отбасы (ерлі-зайыптылық-отбасы) қатынастарын реттеудің мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттарын және құқықтық негіздерін айқындайды, оның дамуын Қазақстан Республикасының мемлекеттік әлеуметтік саясатының басым бағыты ретінде айқындай отырып, оның құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді.

280. Некеге отыру (ерлі-зайыпты болу) кезінде және отбасылық қатынастарда шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, нәсіліне, ұлтына, тіліне немесе дінге көзқарасына қарай немесе кез келген өзге де мән-жайлар бойынша азаматтардың құқықтарын шектеудің кез келген нысандарына тыйым салынады. Азаматтардың неке-отбасы (ерлі-зайыптылық-отбасы) қатынастарындағы құқықтары тек заң негізінде және бұл тек конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен адамгершілік құндылықтарын қорғау мақсатында қаншалықты қажет болса, сол шамада шектелуі мүмкін (Неке туралы кодекстің 2-бабы).

281. Неке қию (ерлі-зайыпты болу) үшін некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) еркек пен әйелдің ерікті әрі толық келісімі және олардың неке (ерлі-зайыптылық) жасына толуы қажет (Неке туралы кодекстің 9-бабы). Неке жасы еркектер мен әйелдер үшін он сегіз жас болып белгіленеді. Жүкті болғанда және ортақ бала туған кезде неке жасы екі жылдан аспайтын мерзімге төмендетіледі.

282. Ерлі-зайыптылар тең құқықтарды пайдаланады және тең міндеттер атқарады. Ерлі-зайыптылар отбасындағы өз қатынастарын өзара сыйластық пен өзара көмек негізінде құруға, отбасының игілігі мен нығаюына жәрдемдесуге, өз балаларының денсаулығына, өсіп-жетілуіне және олардың әл-ауқат жағдайына қамқорлық жасауға міндетті (Неке туралы кодекстің 30-бабы).

283. Неке (ерлі-зайыптылық) сот тәртібімен бұзылған кезде ерлі-зайыптылар

кәмелетке толмаған балалары өздерінің қайсысымен тұратындығы туралы, балаларды және (немесе) еңбекке қабілетсіз мұқтаж жұбайын күтіп бағуға қаражат төлеу тәртібі, осы қаражаттың мөлшері туралы не ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу туралы келісімді соттың қарауына ұсына алады. Неке (ерлі-зайыптылық) бұзылғаннан кейін ерлі-зайыптылар өзінің тегін таңдауды некенің (ерлі-зайыптылықтың) бұзылуын мемлекеттік тіркеу кезінде шешеді. Ерлі-зайыптылар арасында осы баптың 1-тармағында көрсетілген мәселелер бойынша келісім болмаған жағдайда, сондай-ақ, осы келісім балалардың немесе ерлі-зайыптылардың біреуінің мүддесін бұзатындығы анықталған жағдайда, сот: 1) неке (ерлі-зайыптылық) бұзылғаннан кейін кәмелетке толмаған балалар ата-аналарының қайсысымен тұратындығын айқындауға; 2) ата-аналардың қайсысы және қандай мөлшерде балаларды күтіп бағуға алименттер төлейтінін айқындауға; 3) кәмелетке толмаған балалардың және (немесе) ерлі-зайыптылардың өздерінің мүдделерін ескере отырып, ерлі-зайыптылардың талап етуі бойынша олардың бірлескен ортақ меншігіндегі мүлікті бөлуге; 4) жұбайынан ақша қаражатын алуға құқығы бар жұбайдың талап етуі бойынша осы қаражат мөлшерін айқындауға міндетті (Неке туралы кодекстің 22-бабы).

284. 2011 жылы «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының жаңа Заңы қабылданды. Аталған Заң көшіп келушілерді тіркеудің жаңа қағидаларын қабылдауға жәрдемдесті. Жаңа Қағидаларға отбасын біріктіру сияқты виза түрі енгізілді.

24-бап

285. Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген негізгі құқықтары мен заңды мүдделерді іске асыруға байланысты туындайтын қатынастар Неке туралы кодексте, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңында егжей-тегжейлі р е г л а м е н т т е л е д і .

286. Неке туралы кодекстің 46-бабының 1-тармағына сәйкес бала туғаннан кейін бірден тіркеледі және туылған кезінен бастап атын алуға және азаматтық алуға құқығы, сондай-ақ мүмкіндігіне қарай, өз ата-аналарын білуге құқығы және олардың қ а м қ о р л ы ғы н а қ ұ қ ы ғы б о л а д ы .

287. Қазақстан Республикасының Конституциясы неке мен отбасы, ана, әке және бала мемлекеттің қорғауында болады деп жариялайды. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу - ата-ананың етене құқығы әріміндеті.

288. Баланың өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау құқығы Неке туралы кодексте бекітілген (Неке туралы кодекстің 67-бабы). Баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды ата-аналары немесе баланың басқа да заңды өкілдері, ал Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда

қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган, прокурор және сот, сондай-ақ ішкі істер органдары және өз құзыреті шегінде өзге де мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

289. Кәмелетке толғанға дейін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әрекетке толық қабілетті деп танылған кәмелетке толмаған баланың өз құқықтары мен міндеттерін, оның ішінде қорғалу құқығын өз бетінше жүзеге асыруға құқығы бар.

290. Баланың ата-аналар және басқа да заңды өкілдер тарапынан жасалатын қиянаттан қорғалуға құқығы Неке туралы кодексте көзделген. Баланың құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған кезде, оның ішінде ата-аналар немесе басқа да заңды өкілдер баланы күтіп-бағу, тәрбиелеу, оған білім беру жөніндегі міндеттерін орындамаған кезде немесе тиісінше орындамаған кезде не ата-ана (қорғаншылық, қамқоршылық) құқықтарын теріс пайдаланған кезде бала - қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органға, ал он төрт жасқа толғанда сотқа өз құқықтарын қорғау үшін өз бетінше жүгінуге құқылы.

291. Неке туралы кодекс баланың өміріне немесе денсаулығына қауіп төнгендігі туралы, оның құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылғандығы туралы өздеріне белгілі болған мемлекеттік органдар мен ұйымдардың лауазымды адамдарын және өзге де азаматтарды осы баланың нақты тұратын жері бойынша қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органға хабарлауға міндеттейді. Мұндай мәліметтер алынған кезде қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөнінде қажетті шаралар қолдануға міндетті. Балаға қатыгездік көрсету, оның ішінде оған күш көрсету немесе психикалық қысым жасау, оның жыныстық қолсұғылмаушылығына қастандық жасау Неке туралы кодекске сәйкес ата-ана құқықтарынан айыру негіздерінің қатарына жатады (Неке туралы кодекстің 75-бабы).

292. Неке туралы кодексте отбасы, қоғам және мемлекет тарапынан жас баланы қорғау шаралары көзделеді. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде «Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстар» деген арнайы тарау қамтылған.

293. Баланың өзі сыйға немесе мұрагерлік тәртібімен алған кірістерді, мүлікті, сондай-ақ өзінің қаражатына сатып алынған басқа да кез келген мүлікті меншіктенуге құқығы бар (Неке туралы кодекстің 66-бабы).

294. Он алты жасқа толған азаматтармен еңбек шартын жасасуға жол беріледі. Ата-анасының біреуінің, қорғаншысының, қамқоршысының немесе асырап алушысының жазбаша келісімімен: 1) орта білім беру ұйымында негізгі орта, жалпы орта білім алған жағдайда, он бес жасқа толған азаматтармен; 2) сабақтан бос уақытында, денсаулығына зиян келтірмейтін және оқу процесін бұзбайтын жұмысты орындау үшін, он төрт жасқа толған оқушылармен; 3) кинематография ұйымдарында,

театрларда, театр және концерт ұйымдарында, цирктерде денсаулығына және өнегелік тұрғысынан дамуына нұқсан келтірмей, шығармаларды жасауға және (немесе) орындауға қатысу үшін, 30-баптың 2-тармағы 2) тармақшасында айқындалған талаптарды сақтай отырып, он төрт жасқа толмаған адамдармен еңбек шарты жасалуы мүмкін.

25-бап

295. Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 21 шілдедегі Жарлығымен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметінің жаңа моделінің тұжырымдамасы бекітілді. Тұжырымдама Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметінің жаңа моделін рәсімдеуге және оны одан әрі кәсібилендіруге бағытталған заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу үшін негіз болады.

296. Мемлекеттік қызметтің жаңа моделінде мемлекеттік саясаттың тиімді іске асырылуын кәсіби тұрғыдан қамтамасыз ететін жоғары мемлекеттік әкімшілік қызметшілер корпусы қалыптастырылып, мемлекеттік қызметке кіру және оны атқару тетіктері түбегейлі жетілдіріледі.

297. Тұжырымдама 2011 жылдан бастап 2015 жылға дейінгі кезеңге есептелген және екі кезеңді қамтиды.

298. Мемлекеттік қызметтің жаңа тұжырымдамасын және мемлекет басшысының нақты тапсырмаларын іске асыру үшін 2012 жылғы 14 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Аталған Заң мемлекеттік қызметке кірудің тиімді және айқын тетіктерін енгізу арқылы кәсібилендіруді жоғарылатуға және мемлекеттік аппараттың тиімділігін, бағалау жүйесі мен мансаптық жоспарлау, «А» басқарушылық корпусын құру, сондай-ақ кадр қызметтерінің ролін арттыру, мемлекеттік қызметкерлерді көтермелеу шаралары мен негіздемесін, қызметтік этиканы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды жетілдіруге бағытталған.

299. Мемлекеттік қызметке кірудетегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұратын жеріне қарай немесе кез келген өзге де жағдайлар бойынша қандай да бір кемсітушілікке жол берілмейді.

300. Әкімшілік мемлекеттік қызметке орналасуға конкурс Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік қызметке тең дәрежеде қол жеткізу құқығын қамтамасыз етеді.

301. Әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурстық комиссияны құру қағидалары Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 бұйрығы мен бекітілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК